# 2025 жылы Қазақстан Республикасы ұлттық ауыл шаруашылығы санағын өткізуге арналған санақ парақтарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 2025 жылғы 12 наурыздағы № 7 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 12 наурызда № 35808 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 427 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі туралы ереженің 15-тармағы 58) тармақшасына, Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының 2020 жылғы 23 қазандағы № 9-нқ бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы туралы ереженің 15-тармағы 44) тармақшасына және "2025 жылы Қазақстан Республикасының ұлттық ауыл шаруашылығы санағын жүргізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 1248 қаулысына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес 2025 жылы Қазақстан Республикасының ұлттық ауыл шаруашылығы санағын жүргізуге арналған санақ парақтары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Ауыл шаруашылығы статистикасы және ұлттық санақтар департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін;

3) осы бұйрықты мүдделі мемлекеттік атқарушы органдарға, Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының құрылымдық және аумақтық бөлімшелеріне және "Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Ақпараттық-есептеу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына орындау үшін жеткізуді.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы басшысының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының басшысы* | *М. Турлубаев* |

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика
бюросының басшысы
2025 жылғы 12 наурыздағы
№ 7 бұйрығына
1-қосымша

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы

Мемлекеттік статистика органдары құпиялылығына кепілдік береді

2025 жылы Қазақстан Республикасының ұлттық ауыл шаруашылығы санағын жүргізуге арналған санақ парағының нысаны

Санақ парағы "www.sanaq.gov.kz" интернет-ресурсында орналастырылған

**Алдын ала аралау тізімі (жеке қосалқы шаруашылықтар)**

Индексі 1-ААТ (ЖҚШ)

Кезеңділігі: біржолғы

Санақ субъектілері: жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін жер учаскелері бар және/немесе ауыл шаруашылығы малдары бар үй шаруашылықтары

Ұсыну мерзімі: 2025 жылғы 1 маусымнан бастап 30 маусым аралығында

| нұсқаушылық учаскесінің №[1] | | | | | тіркеу учаскесінің №[2] | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|

Ескертпе:

[1],[2] Нұсқаушылық, тіркеу учаскелерінің нөмірлерін Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының аумақтық бөлімшелері береді және мекенжайлар тізілімін планшеттегі мобильді қосымшаға жүктегеннен кейін автоматты түрде көрінеді.

**І бөлім. Санақ субъектісі туралы жалпы мәліметтер**

| | | |
|---|---|---|

| Жол коды | Белгілері | Мәліметтер |
|---|---|---|
| А | Б | 1 |
| 1 | ӘАОЖ[3] коды | |
| 2 | Әкімшілік-аумақтық бірліктің атауы | |
| 3 | Көше типі | |
| 4 | Мекенжайы | |
| 5 | Ғимараттың, үйдің, учаскенің нөмірі және басқалар | |
| 6 | Пәтер нөмірі | |
| 7 | Мекенжайдың тіркеу коды | |
| 8 | Қараусыз қалған жер учаскесі | ☐ |
| 9 | Сауал салынатын адамның тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) | |
| 10 | Болып табылады (" ✓ " белгісі қойылады): | |
| 10.1 | құқық иеленуші | ☐ |
| 10.2 | өзге де | ☐ |

Егер 8-жол белгіленсе, онда сауал салу аяқталды.

**II бөлім. Санақ объектісі туралы мәліметтер**

| Жол коды | Белгілері | Мәліметтер |
|---|---|---|
| А | Б | 1 |
| 1. | 2025 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша жер учаскесінің жалпы алаңы, шаршы метр (үтірден кейін бір таңбамен көрсетіледі)<br>1 сотық=100 шаршы метр; 1 гектар =100 сотық; 1 гектар= 10 000 шаршы метр | |
| 2. | 2025 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша Сіз өзіңіздің жер учаскеңізде ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіресіз бе? (" ✓ " белгісін қойыңыз, егер "жоқ" болса 3-сұраққа өту) | иә ☐ жоқ ☐ |
| 2.1 | 2025 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша ауыл шаруашылығы дақылдары мен көпжылдық екпелер егілген алаңды көрсетіңіз, шаршы метр (үтірден кейін бір таңбамен көрсетіледі) | |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 3. | 2025 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша ауыл шаруашылығы жануарларының бары ( " ✓ " белгісін қойыңыз) | иә ☐ жоқ ☐ |
| 4. | Ескертпе[4] | |

**Ынтымақтастығыңыз үшін рақмет!**

ТАӘ (бар болса)________________________________________

Ескертпе:

[3]ӘАОЖ – Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында "Ұлттық" кіші бөлімі, " Статистикалық жіктеуіштер" бөлімінде орналастырылған Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеушіне сәйкес толтырылады;

[4]Ескертпеде әрбір объект бойынша кез келген өзгерістер мен ескертулер көрсетіледі .

2025 жылы Қазақстан Республикасының ұлттық ауыл шаруашылығы санағын өткізу үшін "Алдын ала аралау тізімі (жеке қосалқы шаруашылықтар)" санақ парағын толтыру жөніндегі нұсқаулық "Алдын ала аралау тізімі (жеке қосалқы шаруашылықтар)" санақ парағы (индексі 1-ААТ (ЖҚШ), кезеңділігі біржолғы) қосымшасында келтірілген.

"Алдын ала аралау тізімі<br>(жеке қосалқы<br>шаруашылықтар)"<br>санақ парағына (индексі 1-ААТ<br>(ЖҚШ), қосымша, кезеңділігі<br>біржолғы

**2025 жылы Қазақстан Республикасының ұлттық ауыл шаруашылығы санағын жүргізу үшін "Алдын ала аралау тізімі (жеке қосалқы шаруашылықтар)" санақ парағын (индексі 1-ААТ ( ЖҚШ), кезеңділігі біржолғы) толтыру жөніндегі нұсқаулық**

1. Осы нұсқаулық 2025 жылы Қазақстан Республикасының ұлттық ауыл шаруашылығы санағын жүргізу үшін "Алдын ала аралау тізімі (жеке қосалқы шаруашылықтар)" санақ парағын (индексі 1-ААТ (ЖҚШ), кезеңділігі біржолғы) (бұдан әрі-санақ парағы) толтыруды нақтылайды.

2. Осы нұсқаулықта мына анықтамалар пайдаланылады:

1) ауыл шаруашылығы санағы – ауыл шаруашылығының құрылымы мен жай-күйі туралы деректерді жинау, өңдеу, ресми статистикалық ақпаратты талдау және тарату процесін қамтитын статистикалық байқау;

2) ауыл шаруашылығы дақылдары – азық-түлік, техникалық шикізат және мал азығын алу мақсатында өсірілетін дақылды өсімдіктер;

3) ауыл шаруашылығы жануарлары – адам өсіретін, ауыл шаруашылығы өндірісіне тікелей қатысы бар жануарлардың, құстардың, балықтардың және бал араларының барлық түрі;

4) әкімшілік-аумақтық бірлік – Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы жүйесінің құрамдас бөлігі (ауыл, кент, ауылдық округ, қаладағы аудан, қала, аудан, облыс);

5) бау-бақша өсіру – ауыл шаруашылығы дақылдарын және көпжылдық ағаш-бұта екпелерін өсіру үшін жер учаскесінде жүзеге асырылатын қызмет түрі;

6) бақша өсіру – көпжылдық ағаш-бұта екпелерін қоспағанда, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру үшін жер учаскесінде жүзеге асырылатын қызмет түрі;

7) жеке қосалқы шаруашылық – ауылдық жерде және қала маңындағы аймақта орналасқан жер учаскесінде өз қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған қызмет түрі;

8) жер учаскесі – Қазақстан Республикасының Жер кодексінде белгіленген тәртіппен жер қатынастары субъектілеріне бекітіліп берілетін, тұйық шекара ішінде бөлінген жер бөлігі;

9) көпжылдық дақылдар – жүзім, цитрус жемістері, дәнді және сүйекті жемістер, жеміс ағаштары, бұталар және өзге жаңғақтар, құрамында майы бар жемістер, дәмдеуіштер, хош иісті және фармацевтикалық дақылдар, өзге де көпжылдық дақылдар ;

10) мекенжай – жылжымайтын мүлік объектісінің орналасқан жерінің сипаттамасы (өңір, елді мекен, елді мекеннің құрамдас бөліктері, бастапқы жылжымайтын мүлік объектісі, қайталама жылжымайтын мүлік объектісі (бар болса);

11) санақ объектілері – жер және егіс алаңдары; ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарының саны; ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтары; мал шаруашылығы кешендері мен құс фабрикалары; ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарын ұстауға арналған өндірістік құрылыстар мен үй-жайлар; ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтауға арналған құрылыстар мен құрылысжайлар болып табылады;

12) санақ субъектісі – жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін жер учаскелері ( саяжай, бау-бақша, бақша) бар және/немесе ауыл шаруашылығы жануарлары бар үй шаруашылықтары;

13) статистикалық байқау – статистикалық байқау объектісі бойынша алғашқы статистикалық деректерді ғылыми-ұйымдастырып жинау;

14) үй шаруашылығы – бірге тұратын, өз табыстары мен мүлкін толықтай немесе ішінара біріктіретін және тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді бірлесіп тұтынатын бір немесе одан да көп жеке тұлғалардан құралған экономикалық субъект.

3. Интервьюерлер нақтылау жүргізеді және планшет немесе қағаз жеткізгішті ( планшеттерді қолдану мүмкіндігі болмаған жағдайда) пайдаланумен санақ парағын толтырады.

4. Санақ парағының титулдық бетінде нұсқаушылық және тіркеу учаскелерінің нөмірлерін Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының аумақтық бөлімшелері береді және мекенжайлар тізілімін планшеттегі мобильді қосымшаға жүктегеннен кейін автоматты түрде көрінеді.

І бөлімнің 1-бағанында санақ субъектісі туралы мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1 және 2-жолдарда аумақтың коды және әкімшілік-аумақтық бірліктің атауы "е-Статистика" интеграцияланған ақпараттық жүйесінен (бұдан әрі – "е-Статистика" ИАЖ) Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі;

3-жолда "е-Статистика" ИАЖ анықтамалығына сәйкес көше типі;

4, 5, 6, 7-жолдарда тұрғынжайдың, тұрғын үйдің (тұрғын ғимараттың) мекенжайы, нөмірі, пәтердің нөмірі (болған жағдайда) және мекенжайдың тіркеу коды көрсетіледі;

8-жолда қараусыз қалған немесе бос үй, игерілмеген жер учаскесі болса, онда "
✓
" белгісі қойылады және одан әрі сауал салу аяқталады;

9-жолда сауал салынатын кәмелетке толған адамның тегі, аты және әкесінің аты ( бар болса);

10.1-жолда егер сауал салынатын адам жер учаскесінің құқық иесі болып табылса "
✓
" белгісі қойылады.

ІІ бөлімнің 1-бағанында санақ объектісі туралы мына мәліметтер көрсетіледі:

1-жолда 2025 жылғы 1 маусымға жер учаскесінің жалпы алаңы шаршы метрмен көрсетіледі;

2-жолда 2025 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша жер учаскесінде ауыл шаруашылығы дақылдарын өсірсе "
✓
" белгісі қойылады;

2.1-жолда егер жер учаскесінде ауыл шаруашылығы дақылдары өсірілетін болса, онда 2025 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша ауыл шаруашылығы дақылдарының егістері мен көпжылдық екпелер отырғызылған алаң шаршы метрмен (үтірден кейін бір таңбамен) көрсетіледі;

3-жолда 2025 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша ауыл шаруашылығы жануарларының қолда бары "
✓
" белгісімен белгіленеді;

4-жолда осы объект бойынша кез келген өзгерістер мен ескертулер көрсетіледі.

5. Жұмыскер аралау кезінде өзінің тіркеу учаскесінде жоқ тұрғынжайды, тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) және тұрғын емес үй-жайды тапқан жағдайда, жұмыскер оны санақ парағына енгізеді және планшетте белгілейді.

6. Арифметикалық-логикалық бақылау:

1) ІІ бөлім. Санақ объектісі туралы мәліметтер:

2.1-жол ≤ 1-жол;

егер 2-жол "жоқ" деп белгіленсе, онда 3-сұраққа көшу;

егер 2-жол "иә" деп белгіленсе, онда 2.1-жол міндетті түрде толтырылады.

2) Бөлімдер арасындағы бақылау:

І бөлімді толтырмай, ІІ бөлімге көшуге жол берілмейді;

егер 1-бөлімнің 8-жолы "Қараусыз қалған жер учаскесі" деп белгіленген болса, сауал салу аяқталады.

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар
агенттігінің Ұлттық статистика
бюросының басшысы
2025 жылғы 12 наурыздағы
№ 7 бұйрығына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Мемлекеттік статистика органдары құпиялылығына кепілдік береді

2025 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық ауыл шаруашылығы санағын жүргізуге арналған санақ парағының нысаны

Санақ парағы "www.sanaq.gov.kz" интернет-ресурсында орналастырылған

**Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, дара кәсіпкерлер және шаруа немесе фермер қожалықтары**

Индексі 2-АШК/ШФҚ

Кезеңділігі: біржолғы

Санақ субъектілері: Экономикалық қызмет түрлері жалпы жіктеуішінің (ЭҚБЖ) 01.1, 01.2, 01.3, 01.4, 01.5, 01.6, 03.2 кодтары бойынша экономикалық қызметтің негізгі немесе қосалқы түрлерімен ауыл шаруашылығы қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, дара кәсіпкерлер және шаруа немесе фермер қожалықтары

Ұсыну мерзімі: 2025 жылғы 1 тамыздан бастап 20 қазан аралығында

| БСН[1]/ЖСН[2] коды | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|

Атауы ____________________________________________________________

_

| Тіркеу ӘАОЖ[3] | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|

| нұсқаушылық учаскесінің №[4] | | | | | есеп учаскесінің №[5] | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|

Ескертпе:

[1]Мұнда және бұдан әрі БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі – заңды тұлға (филиал мен өкілдік) және қызметін бірлескен кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір

[2]ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі – жеке тұлға үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір

[3]ӘАОЖ – Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында "Статистикалық жіктеуіштер" бөлімі "Ұлттық" кіші бөлімінде орналастырылған әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне сәйкес толтырылады;

[4,5]Нұсқаушылық және есеп учаскелерінің нөмірлерін Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының аумақтық бөлімшелері береді және мекенжайлар тізілімі планшеттегі мобильді қосымшаға жүктелгеннен кейін автоматты түрде көрсетіледі.

**Құрметті респондент! Сіздің кәсіпорныңыздың (шаруашылығыңыздың) соңғы 12 айда ЭҚЖЖ-ға сәйкес экономикалық қызметтің қандай түрлерімен айналысқанын көрсетіңіз негізгі қосалқы қосалқы**

| негізгі | | | | | қосалқы | | | | | қосалқы | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | | | | |

**I бөлім. Жер ресурстары және оларды пайдалану. Өсімдік шаруашылығы**

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелеріңіз іс жүзінде орналасқан ӘАОЖ [1] бойынша елді мекендерді/ауылдық округтерді көрсетіңіз

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | | | | | | | | |
| 2 | | | | | | | | | |

________________ (елді мекеннің/ ауылдық округтың атауы)

________________ (елді мекеннің/ ауылдық округтың атауы)

Назар аударыңыз: көрсетілген елді мекендерде/ауылдық округтерде жер ресурстары және олардың пайдаланылуы туралы ақпаратты көрсете отырып, 1-бөлімді толтыру қажет.

**1. 2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша кәсіпорын (шаруашылық) жерлерінің сипаттамасы**

(1 гектар =100 сотық; 1 гектар = 10 000 шаршы метр)

алаңы үтірден кейін екі таңбамен көрсетіледі

| Код жолдары | Көрсеткіштің атауы | Алаңы, гектармен |
|---|---|---|
| А | Б | 1 |
| 1 | Жер ресурстары | |
| 1.1 | меншік құқығымен бекітілген жер | |
| 1.2 | мемлекеттен уақытша жер пайдалану (жалдау) құқығымен бекітілген жер | |
| 1.3 | бірлескен қызмет туралы шарт негізінде пайдаланылатын жер | |
| 1.4 | бірлескен қызмет туралы шарт негізінде берілген жер | |
| 2 | Жер пайдалану | Х |
| 2.1 | Жердің жалпы алаңы | |
| | оның ішінде: | Х |
| 2.1.1 | ауыл шаруашылығы алқаптары | |
| | одан: | Х |
| 2.1.1.1 | егістік, барлығы | |
| | одан: | |
| 2.1.1.1.1 | нақты суармалы | |
| 2.1.1.1.2 | сүрі жерлер | |
| 2.1.1.2 | тыңайған жер (уақытша пайдаланылмайтын егістік) | |
| 2.1.1.3 | көпжылдық екпелер | |
| 2.1.1.4 | шабындықтар | |
| 2.1.1.5 | жайылымдар | |
| 2.1.2. | ауыл шаруашылығына арналмаған алқаптар, барлығы | |
| 2.1.3 | 2.1-жолдан аквашаруашылық үшін пайдаланылатын жерлерді белгілеңіз | |

Егер 2.1.1.1.1-жолдың кодтарын белгілесеңіз, 2-ші және 3-ші сұраққа өтіңіз.

**2. Суармалы жерлердің пайдаланылған суару әдістерінің әрқайсысы бойынша алаңын көрсетіңіз (гектармен)**

| Жол коды | Суару әдістері | Алаңы, гектармен |
|---|---|---|
| А | Б | 1 |

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Жаңбырлату | |
| 2 | Тамшылатып суару | |
| 3 | Спринклерлі суару | |
| 4 | Жаппай бастыра суару | |
| 5 | Атызбен суару | |

**3. Суару көздері**

бірнеше жауап нұсқасын көрсетуге болады

| Жол коды | Суару көздері | "✓" белгісі қойылады |
|---|---|---|
| А | Б | 1 |
| 1 | Жалпы суару жүйесінен | ☐ |
| 2 | Табиғи (көлдер, өзендер, бұлақтар) | ☐ |
| 3 | Су қоймасы (бассейн) | ☐ |
| 4 | Терең ұңғымалардан (жер асты) | ☐ |
| 5 | Таяз құдық | ☐ |

**4. Ауыл шаруашылығы дақылдарының (маусымдық) 2025 жылғы егін үшін егіс алқаптарын көрсетіңіз (бірлескен қызмет туралы шарт бойынша пайдаланылатын алаңдарды қоса алғанда)**

алаңы үтірден кейін екі таңбамен көрсетіледі

| Жол коды | Дақылдардың атауы | АШӨСЖ[6] коды | Барлығы, гектармен | оның ішінде: | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | элиталық (будан) тұқым егілген | I-II және III репродукция | I I I репродукциядан төмен |
| А | Б | В | 1 | 2 | 3 | 4 |
| | | | | | | |

**4.1 2025 жылғы егін егу үшін пайдаланылатын тұқым материалдары көздерін көрсетіңіз және олардың үлестерін пайыздарға бөліңіз**

бірнеше жауап нұсқасын көрсетуге болады

| Жол коды | Көрсеткіштің атауы | Үлесі, % |
|---|---|---|
| А | Б | 1 |
| 1 | Меншікті өндіріс тұқымдары | |
| 2 | Отандық селекция тұқымдары | |
| 3 | Шетелдік селекция тұқымдары | |
| | | 100% |

**5. 2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша көпжылдық дақылдардың саны мен алаңын көрсетіңіз**

алаңы үтірден кейін екі таңбамен көрсетіледі

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | Көпжылдық екпелер, | |

| Жол коды | Көпжылдық дақылдардың атауы | АШӨСЖ[6] коды | барлығы | | оның ішінде: жеміс беретін жастағы | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | ағаштар саны, дана | алаңы, гектармен | ағаштар саны, дана | алаңы, гектармен |
| А | Б | В | 1 | 2 | 3 | 4 |
| | | | | | | |

Ескертпе:

[6]Мұнда және бұдан әрі АШӨСЖ – Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында "Статистикалық жіктеуіштер" бөлімінде орналастырылған ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) анықтамалығына сәйкес толтырылады.

**6. 2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша шаруашылықта пайдаланылатын жылыжайлардың саны мен алаңын көрсетіңіз**

алаңы үтірден кейін бір таңбамен көрсетіледі

| Жол коды | Көрсеткіштің атауы | Бірлік саны | Жалпы алаңы, шаршы метрде |
|---|---|---|---|
| А | Б | 1 | 2 |
| 1 | Барлық жылыжайлар | | |
| | оның ішінде | | |
| 1.1 | меншікті (жалға берілгендерді қоспағанда ) | | |
| 1.2 | жалға алынғандар | | |
| | 1-жолдан: | | |
| 2 | жылытылатын | | |
| 3 | өнеркәсіптік | | |

**7. Жабық топырақтың отырғызу алаңын көрсетіңіз, шаршы метр**

алаңы үтірден кейін бір таңбамен көрсетіледі

| Жол коды | Ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы | АШӨСЖ6 коды | Пайдаланылған алаң, шаршы метрде |
|---|---|---|---|
| А | Б | В | 1 |
| | | Х | |
| | | | |

**8. 2025 жылғы егінге топырақ сапасын жақсарту үшін қандай тыңайтқыштар мен құралдар қолданылды**

алаңы үтірден кейін бір таңбамен көрсетіледі

| Жол коды | Көрсеткіштің атауы | Тыңайтылған (өңделген) алаң, гектармен | Отандық өндіріс өнімі пайдаланылған | Отандық өнімнің үлесін көрсетіңіз, " ✓ " белгісі қойылады | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | 1-30% | 31-60% | 61-100% |
| А | Б | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Минералды тыңайтқыштар, барлығы | | X | X | X | X |
| | оның ішінде: | | X | X | X | X |
| 1.1 | азот | | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| 1.2 | фосфор | | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| 1.3 | калий | | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| 1.4 | кешенді | | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| 2 | Органикалық тыңайтқыштар, барлығы | | X | X | X | X |
| | оның ішінде: | | X | X | X | X |
| 2.1 | көң | | X | X | X | X |
| 3 | Органикалық-минералдық тыңайтқыштар | | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| 4 | Биотыңайтқыштар | | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| 5 | Топырақты әктендіру | | X | X | X | X |
| 6 | Топырақты гипстендіру | | X | X | X | X |
| 7 | Басқа | | X | X | X | X |

**8.1. 2025 жылғы егінге өсімдіктерді қорғаудың қандай құралдары қолданылды**

алаңы үтірден кейін бір таңбамен көрсетіледі

| Жол коды | Көрсеткіштің атауы | Өңделген алаң, гектармен | Отандық өндіріс өнімдері пайдаланылған | Отандық өнімнің үлесін көрсетіңіз, " ✓ " белгісі қойылады | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | 1-30% | 31-60% | 61-100% |
| А | Б | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | Пестицидтер, барлығы | | X | X | X | X |
| | одан: | | | | | |
| 1.1 | гербицидтер | | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| 1.2 | инсектицидтер | | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| 1.3 | фунгицидтер | | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| 1.4 | родентицидтер | | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| | | | ☐ | ☐ | ☐ | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1.5 | аралас | | | | | ☐ |
| 1.6 | басқа | | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |

**9. Сіздің кәсіпорныңыз (шаруашылығыңыз) органикалық өнім өндірумен айналыса ма?**

иә ☐ жоқ ☐ → 9.1. Болашақта органикалық өсімдік өнімдерін өндіруді жоспарлап отырсыз ба?

иә ☐ жоқ ☐

**9.2. Өсімдік шаруашылығында органикалық өнім өндіру**

| Жол коды | Көрсеткіштердің атауы | " ✓ " белгісі қойылады |
|---|---|---|
| А | Б | 1 |
| 1 | Органикалық өнім өндіру | ☐ |
| 1.1 | Процесті сәйкестікті растау жөніндегі отандық орган сертификаттаған | ☐ |
| 1.2 | Процесті сәйкестікті растау жөніндегі шетелдік орган сертификаттаған | ☐ |
| 2 | Өтпелі кезең өнімдерін өндіру | ☐ |

**9.3. Органикалық өнімді өсіруге пайдаланылатын алаң**

алаңы үтірден кейін екі таңбамен көрсетіледі

| Жол коды | Ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері | АШӨСЖ6 коды | Алаңы, гектармен |
|---|---|---|---|
| А | Б | В | 1 |
| | | | |

**10. Өсімдік шаруашылығында пайдаланылатын құрылыстар мен құрылысжайлардың болуы туралы ақпаратты көрсетіңіз** (Сіздің шаруашылығыңыздың балансында тұрған)

| Жол коды | Көрсеткіштің атауы | Бірлік саны | Жалпы алаңы, шаршы метрде | Жалпы сыйымдылығы, тонна |
|---|---|---|---|---|
| А | Б | 1 | 4 | 5 |
| 1 | Астық-тұқым сақтау қоймалары (жемшөп қоймаларын қоса алғанда) | | | |
| 2 | Көкөніс-картоп сақтау қоймалары | | | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3 | Тамыржемістер сақтау қоймалары ( жемге арналған) | | | |
| 4 | Жеміс сақтау қоймалары ( жеміс-жидек қоймаларын қоса алғанда) | | | |
| 5 | Минералдық тыңайтқыштарды, улы химикаттарды сақтауға арналған қоймалар | | | |
| 6 | Мұнай және мұнай өнімдерін сақтауға арналған мамандандырылған қойма | | | Х |
| 7 | Жөндеу шеберханалары | | | Х |
| 8 | Техникалық қызмет көрсетудің стационарлық пункттері | | | Х |
| 9 | Өзге де құрылыстар (өсімдік шаруашылығы мақсаттары үшін) | | | Х |

**10.1 Сіздің кәсіпорныңыз (шаруашылығыңыз) өсімдік шаруашылығы үшін жалға алынған құрылыстар мен құрылысжайларды пайдалана ма?**

иә ☐ жоқ ☐

## II бөлім. Мал шаруашылығы

**Құрметті респондент!**

Сіздің кәсіпорныңыздың (шаруашылығыңыздың) құрылымдық бөлімшесінің ауыл шаруашылығы жануарларын өсіру (мал шаруашылығы) қызметін іс жүзінде жүзеге асыратын елді мекендерді/ауылдық округтерді ӘАОЖ[1] сәйкес көрсетіңіз

1. ☐☐☐☐☐☐☐☐☐ ____________________ (елді мекеннің/ауылдық округтың атауы)

2. ☐☐☐☐☐☐☐☐☐ ____________________ (елді мекеннің/ауылдық округтың атауы)

Назар аударыңыз: көрсетілген елді мекендердегі/ауылдық округтердегі әрбір құрылымдық бөлімше үшін ауыл шаруашылығы жануарларының саны, құрылыстары туралы ақпаратты және басқа да деректерді көрсете отырып, ІІ бөлімді толтыру қажет.

**11. 2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша ауыл шаруашылығы жануарларының санын** (жалға немесе пайдалануға алынғандарды есепке алумен) **жыныс-жас құрылымы бөлінісінде көрсетіңіз**

| Жол коды | Көрсеткіштің атауы | АШӨСЖ6 коды | барлығы, бас | одан: жалға немесе пайдалануға алынған |
|---|---|---|---|---|
| А | Б | В | 1 | 2 |
| | | | | |

**12. Сіздің кәсіпорныңыз (шаруашылығыңыз) ауылшаруашылығы жануарларын ұстаудың қандай жүйелерін қолданады?**

тиісті жауап нұсқасы "
✓
" белгісімен белгіленеді.

| Жол коды | Ұстау жүйелері | Ірі қара мал | Қой мен ешкі | Жылқылар және өзге де жылқы тұқымдас жанурлар, тірі | Түйе және түйе тектес, тірі |
|---|---|---|---|---|---|
| А | Б | 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Жайылымда жаю | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| 2 | Қорада ұстау | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| 2.1 | одан: бордақылау | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| 3 | Қорада ұстау - жайылымда жаю | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| 4 | Шалғай жайылым | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |

**13. Ауыл шаруашылығы жануарларын ұстауға арналған құрылыстар мен құрылысжайлардың болуы туралы ақпаратты көрсетіңіз** (Сіздің шаруашылығыңыздың балансында тұрған)

1-6 және 8-жолдарды толтыру кезінде назар аударыңыз, қайталанбауы тиіс

| Жол коды | Атауы | Бірлік саны | Жалпы алаңы, шаршы метр | Сыйым-дылығы, мал орны (құс орны ) |
|---|---|---|---|---|
| А | Б | 1 | 2 | 3 |
| 1 | Ірі қара малды ұстауға арналған қоралар | | | |
| 2 | Қой-ешкі ұстауға арналған қоралар | | | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3 | Жылқыларды ұстауға арналған қоралар | | | |
| 4 | Түйелерді ұстауға арналған қоралар | | | |
| 5 | Шошқаларды ұстауға арналған қоралар | | | |
| 6 | Құс ұстауға арналған үй-жайлар (құс фабрикаларынан басқа) | | | |
| 7 | Құс фабрикалары | | | |
| 8 | Бірнеше мал түрлерін ұстауға арналған қоралар | | | X |
| 9 | Өзге де мал түрлерін ұстауға арналған қоралар | | | X |
| 10 | Тоңазытқыш қоймалары | | | X |
| 11 | Сою алаңдары | | | X |
| 12 | Көңді сақтауға және оны ашытуға арналған үй-жайлар | | | |
| 13 | Өзге де құрылыстар (мал шаруашылығы мақсаттары үшін) | | | X |

**13.1 Сіздің кәсіпорныңызда (шаруашылығыңызда) жалға алынған мал шаруашылығы үшін құрылыстар мен құрылысжайлар пайдаланыла ма?**

иә ☐ жоқ ☐

**14. Сіздің кәсіпорныңыз (шаруашылығыңыз) органикалық өнім өндірумен айналыса ма?**

иә ☐ жоқ ☐ → 14.1. Болашақта органикалық мал өнімдерін өндіру жоспарыңызда бар ма?

иә ☐ жоқ ☐

**14.2. Мал шаруашылығында органикалық өнімдерді өндіру**

| Жол коды | Көрсеткіштердің атауы | "✓" белгісі қойылады |
|---|---|---|
| А | Б | 2 |
| 1 | Органикалық өнім өндіру | ☐ |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 1.1 | Процесті сәйкестікті растау жөніндегі отандық орган сертификаттаған | ☐ |
| 1.2 | Процесті сәйкестікті растау жөніндегі шетелдік орган сертификаттаған | ☐ |
| 2 | Өтпелі кезең өнімдерін өндіру | ☐ |

**14.3. 2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша органикалық мал шаруашылығындағы ауыл шаруашылығы жануарларының саны**

| Жол коды | Ауыл шаруашылығы жануарларының атауы | АШӨСЖ6 коды | Саны, мал басы |
|---|---|---|---|
| А | Б | В | 1 |
| | | | |

## III бөлім. Балық өсіру

**15. Сіздің кәсіпорныңыз (шаруашылығыңыз) 2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша балық және (немесе) оның құртшабақтарын өсірумен айналыса ма? "**

**✓**

**" белгісі қойылады**

иә ☐ жоқ ☐

**15.1 Өсірілетін балық түрін көрсетіңіз** ☐

**15.2 Балық өсірудің жобалық қуатын көрсетіңіз, жылына тонна**
**үтірден кейін бір таңбамен көрсетіледі.** ☐

**15.3 Сіздің кәсіпорныңыздың (шаруашылығыңыздың) балық өсіру шаруашылығы типін көрсетіңіз**

| Жол коды | Шаруашылық типі | " ✓ " белгісі қойылады |
|---|---|---|
| А | Б | 1 |
| 1 | Тоғанда балық өсіру шаруашылығы | ☐ |
| 2 | Көлде тауарлы балық өсіру шаруашылығы | ☐ |
| 3 | Тор қоршамада балық өсіру шаруашылығы | ☐ |
| 4 | Сумен қамтамасыз ету циклі тұйықталған балық өсіру шаруашылығы | ☐ |
| 5 | Басқа | ☐ |

**15.4 Сіздің кәсіпорныңыз (шаруашылығыңыз) балықтарға арналған отандық өндіріс жемдерін пайдалана ма?**

иә ☐ жоқ ☐

**15.5 Сіздің кәсіпорныңыз (шаруашылығыңыз) отандық өндірістің балық өсіру материалын (балық құртшабақтарын) пайдалана ма?**

иә ☐ жоқ ☐

**IV бөлім. Техникалық құралдар**

**16. Сіздің кәсіпорныңыз (шаруашылығыңыз) ауылшаруашылық техникасын, машиналары мен жабдықтарын қолдана ма?**

иә ☐ жоқ ☐

**16.1 2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша ауыл шаруашылығы техникалары, машиналары мен жабдықтарының санын көрсетіңіз** (Сіздің кәсіпорныңыздың ( шаруашылығыңыздың) балансында немесе лизингте тұрған)

| Жол коды | Ауыл шаруашылығы техникасының атауы | Барлығы, дана | оның ішінде: | | 1-бағаннан | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | жекеменшік | лизингте | Отандық өндіріс | пайдалану мерзімі 10 жылдан астам |
| А | Б | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| Өздігінен жүретін техника | | | | | | |
| | | | | | | |
| Тіркеме, аспалы және өзге де ауыл шаруашылығы техникасы | | | | | | |
| | | | | | | х |
| | | | | | | х |
| | | | | | | х |
| Жабдықтар | | | | | | |
| | | | | | | |

**16.2 Сіздің кәсіпорныңызда (шаруашылығыңызда) жалға алынған ауылшаруашылығы техникасы мен жабдығы пайдаланыла ма?**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | иә | ☐ | жоқ | ☐ | |

**V бөлім. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу**

**17. Кәсіпорын (шаруашылық) өсірілген (шаруашылықта өндірілген) ауыл шаруашылығы өнімін өткізуді 2025 жылы қандай арналар арқылы жүзеге асырғанын көрсетіңіз**

бірнеше жауап нұсқасын көрсетуге болады

тиісті жауап нұсқасына "

✓

" белгісі қойылады

| | | Ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу арналары: | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | дайындау ұйымдарына | өңдеуші кәсіпорындарға | сауда желісі және қоғамдық | экспортқа | ауыл шаруашыл | делдалдарға | халыққа |

| Жол коды | Өнімнің түрлері | | | тамақтандыру желісі арқылы | | ы ғ ы кооперативтеріне | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| А | В | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | Өсімдік шаруашылығы | Х | Х | Х | Х | Х | Х | Х |
| 1.1 | Дәнді (күрішті қосқанда) және бұршақты дақылдар | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| 1.2 | Техникалық дақылдар | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| 1.3 | Мал азықтық дақылдар | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| 1.4 | Қант қызылшасы (жемнен басқа) | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| 1.5 | Картоп | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| 1.6 | Көкөністер | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| 1.7 | Жемістер | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| 1.8 | Жидектер | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| 1.9 | Жүзім | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| 2 | Мал шаруашылығы | Х | Х | Х | Х | Х | Х | Х |
| 2.1 | Сойылған немесе союға өткізілген мал мен құс (сойыс салмақта) | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2.2 | Сүттің барлық түрлері | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| 2.3 | Жұмыртқаның барлық түрлері | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| 2.4 | Бал | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| 2.5 | Ірі және ұсақ терілер | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| 2.6 | Жүн | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |

**VI бөлім. Ауыл шаруашылық емес қызмет**

**18. Сіздің кәсіпорныңыз (шаруашылығыңыз) ауыл шаруашылығымен байланысты емес қандай қызмет түрлерін жүзеге асырады**

бірнеше жауап нұсқасын көрсетуге болады

| Жол коды | Көрсеткіштердің атауы | " ✓ " белгісі қойылады |
|---|---|---|
| А | Б | 1 |
| 1 | Сүт өңдеу | ☐ |
| 2 | Ет өңдеу | ☐ |
| 3 | Май және тоң май өнімдерін өндіру | ☐ |
| 4 | Астықты терең өңдеу | ☐ |
| 5 | Жемістер мен көкөністерді өңдеу | ☐ |
| 6 | Балық өңдеу | ☐ |
| 7 | Ауыл шаруашылығы жануарларының терісін бастапқы өңдеу | ☐ |
| 8 | Жүнді бастапқы өңдеу | ☐ |
| 9 | Өңдеудің өзге де түрлері | ☐ |
| 10 | Жем өндірісі | ☐ |
| 11 | Агротуризм | ☐ |
| 12 | Сауда | ☐ |
| 13 | Көлік | ☐ |

| | | |
|---|---|---|
| 14 | Қолөнер | ☐ |
| 15 | Қызметтің өзге де түрлері | ☐ |

## VII бөлім. Инфрақұрылым

**19. 2025 жылғы 1 тамызға Сіздің кәсіпорныңызға (шаруашылығыңызға) 100 км радиуста қандай ауыл шаруашылығы инфрақұрылым объектілері қолжетімді екенін көрсетіңіз**

| Жол коды | Көрсеткіштердің атауы | " ✓ " белгісі қойылады | | |
|---|---|---|---|---|
| | | иә | жоқ | жауап беру қиын |
| А | Б | 1 | 2 | 3 |
| 1 | Астық сақтау қоймалары (элеваторлар, астық қабылдау пункттері) | ☐ | ☐ | ☐ |
| 2 | Сою пункттері | ☐ | ☐ | ☐ |
| 3 | Сою алаңы | ☐ | ☐ | ☐ |
| 4 | Ветеринарлық пункттер | ☐ | ☐ | ☐ |
| 5 | Көтерме-тарату орталықтары | ☐ | ☐ | ☐ |
| 6 | Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындары (шаруашылығы) | X | X | X |
| 6.1 | сүт | ☐ | ☐ | ☐ |
| 6.2 | ет | ☐ | ☐ | ☐ |
| 6.3 | тері және (немесе) жүн | ☐ | ☐ | ☐ |
| 6.4 | өсімдік шаруашылығы өнімдері | ☐ | ☐ | ☐ |
| 7 | Көкөніс-картоп сақтау қоймалары | ☐ | ☐ | ☐ |
| 8 | Жеміс сақтау қоймалары (жеміс-жидек қоймаларын қоса алғанда) | ☐ | ☐ | ☐ |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 9 | Минералды тыңайтқыштарды, улы химикаттарды сақтауға арналған қоймалар | ☐ | ☐ | ☐ |

**VIII бөлім. Шаруашылық қызметті жүргізу шарттары**

**20. Сіздің кәсіпорныңыз (шаруашылығыңыз) 2025 жылы ауылшаруашылығы қызметін жүргізу үшін үшінші тұлғалардың қандай қызметтерін пайдаланғанын көрсетіңіз**

бірнеше жауап нұсқасын көрсетуге болады

| Жол коды | Көрсеткіштердің атауы | "✓" белгісі қойылады |
|---|---|---|
| А | Б | 1 |
| 1 | Топырақты дайындау | ☐ |
| 2 | Ауыл шаруашылығы дақылдарын егу және жинау | ☐ |
| 3 | Ауыл шаруашылығы дақылдарын аурулар мен зиянкестерден қорғау қызметтері | ☐ |
| 4 | Жем-шөпті жеткізу | ☐ |
| 5 | Жануарларды ұстау және күтіп-баптау | ☐ |
| 6 | Қой қырқу | ☐ |
| 7 | Ветеринарлық қызмет көрсету | ☐ |
| 8 | Қолдан ұрықтандыру | ☐ |
| 9 | Агрономдардың, экономистердің және басқа мамандардың кеңестері | ☐ |
| 10 | Су беру (суару үшін) | ☐ |
| 11 | Көлік қызметтері | ☐ |
| 12 | Астықты қоймаға қою және сақтау | ☐ |
| 13 | Сою пунктері | ☐ |
| 14 | Қызметтердің өзге түрлері | ☐ |
| 15 | Үшінші тұлғалардың қызметтері пайдаланылған жоқ | ☐ |

**21. Сіздің кәсіпорныңыз (шаруашылығыңыз) аграрлық шаруашылықты басқаруда жаңа цифрлық технологиялар, автоматтандыру құралдарын пайдалана ма?**

бірнеше жауап нұсқасын көрсетуге болады

| Жол коды | Көрсеткіштердің атауы | " ✓ " белгісі қойылады |
|---|---|---|
| А | Б | 1 |
| 1 | Мобильді немесе онлайн қосымшалар | ☐ |
| 2 | Географиялық ақпараттық жүйелер (ГАЖ) | ☐ |
| 3 | Басқаруды/жұмыс процесін автоматтандыру (өндірісте адами факторды болдырмау) | ☐ |
| 4 | Қоршаған орта жағдайын мониторингтеу жүйесі | ☐ |
| 5 | "Ақылды" өлшеу құрылғылары ( топырақ, өсімдіктер, микроклимат және тағы сол сияқты параметрлерін өлшеу) | ☐ |
| 6 | Ауыл шаруашылығы объектілерін мониторингтеуге арналған дрондар, пилотсыз құралдар | ☐ |
| 7 | "Ақылды" ауыл шаруашылық техникасы | ☐ |
| 8 | GPS[5] жүйелері | ☐ |
| 9 | Басқалары | ☐ |
| 10 | Цифрлық технологияларды, автоматтандыру құралдарын пайдаланбады | ☐ |

Ескертпе:

[5]GPS – Жаһандық позициялау жүйесі (ағылшынша Global Positioning System)

**22. Сіздің кәсіпорныңызға (шаруашылығыңызға) ауыл шаруашылығы мақсаты үшін субсидия берілді ме?**

бірнеше жауап нұсқасын көрсетуге болады,

тиісті жауап нұсқасына "
✓
" белгісі қойылады

| Жол коды | Субсидиялау бағыттары | Субсидия берілді | оның ішінде соңғы 12 ай ішінде |
|---|---|---|---|
| А | Б | 1 | 2 |
| 1 | Өсімдік шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыру | ☐ | ☐ |
| | Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне су | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2 | беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құны | ☐ | ☐ |
| 3 | Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту, мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігі мен сапасын арттыру | ☐ | ☐ |
| 4 | Өңдеуші кәсіпорындардың ауыл шаруашылығы өнімін терең өңдеуге өнімді өндіру үшін сатып алуға жұмсалған шығындары | ☐ | ☐ |
| 5 | Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін кредиттеу, ауыл шаруашылығы жануарларын, техника және технологиялық жабдықтарды сатып алуға лизинг беру кезіндегі сыйақы мөлшерлемелері | ☐ | ☐ |
| 6 | Инвестициялық салым кезінде агроөнеркәсіптік кешеннің субъектілері тартқан шығыстар бөлігін өтеу бойынша | ☐ | ☐ |
| 7 | Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын сақтандыру және кепілдік беру шеңберінде | ☐ | ☐ |
| 8 | Қаржылық сауықтыру үшін агроөнеркәсіптік кешеннің субъектілерінің кредит және лизингтік міндеттемелері бойынша сыйақы мөлшерлемелері | ☐ | ☐ |
| 9 | Сақтандыру сыйлықақылары | ☐ | ☐ |
| 10 | Басқалары | ☐ | ☐ |
| 11 | Субсидия алған жоқ | ☐ | |

**23. Соңғы 12 айда Сіздің кәсіпорныңыз (шаруашылығыңыз) ауыл шаруашылығын дамыту үшін кредит қаражатын тартты ма?**

бірнеше жауап нұсқасын көрсетуге болады

| Жол коды | Көрсеткіштердің атауы | Кредит мерзімі (ай) | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 12 айға жетпей | 12-35 | 36 және одан көп |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| А | Б | 1 | 2 | 3 |
| 1 | Айналым қаражатын толықтыруға арналған қысқа мерзімді кредиттер | ☐ | Х | Х |
| 2 | Жер учаскелерін сатып алуға арналған кредиттер | ☐ | ☐ | ☐ |
| 3 | Техника, машиналар мен жабдықтарды сатып алуға кредиттер | ☐ | ☐ | ☐ |
| 4 | Жаңа өндірістік объектілердің құрылысына арналған кредиттер | ☐ | ☐ | ☐ |
| 5 | Ауыл шаруашылығы жануарларын сатып алуға кредиттер | ☐ | ☐ | ☐ |
| 6 | Өндірістік объектілерді жаңғыртуға, қайта жаңартуға инвестициялық кредиттер | ☐ | ☐ | ☐ |
| 7 | "Ауыл аманаты" жобасы шеңберіндегі жеңілдікті кредиттер | ☐ | ☐ | ☐ |
| 8 | Басқа да қарыз қаражаттары | ☐ | ☐ | ☐ |
| 9 | Кредит қаражаттары тартылмады | ☐ | | |

**24. Егер Сіздің кәсіпорныңыз (шаруашылығыңыз) ауыл шаруашылығы кооперативінің мүшесі болса, қайсысының мүшесі екенін көрсетіңіз**

Кооперацияның бағыты кооперативтің ағымдағы жылғы нақты қызметінің қорытындылары бойынша айқындалады

| Жол коды | Көрсеткіштердің атауы | " ✓ " белгісі қойылады |
|---|---|---|
| А | Б | 1 |
| 1 | Өндірістік | ☐ |
| 2 | Өткізуші | ☐ |

| | | |
|---|---|---|
| 3 | Сервистік | ☐ |
| 4 | Өңдеуші | ☐ |
| 5 | Өзгелері | ☐ |
| 6 | Ауыл шаруашылығы кооперативінің мүшесі емес | ☐ |

**IX бөлім. Еңбек ресурстары және олардың демографиялық сипаттамалары**

**25. Басшы немесе оның міндеттерін атқаратын адам туралы мынадай ақпаратты көрсетіңіз:**

ЖСН ☐☐☐☐☐☐☐☐☐

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) ________________________________________

**25.1 Жасы (2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша толық жасы )** ☐☐☐

**25.2 Жынысы** ер ☐ әйел ☐

**25.3 Білімі** ☐

**25.4 Алған білімі (басшының) ауыл шаруашылығы мамандығына жата ма?**

Иә ☐ жоқ ☐

**25.5 Еңбек өтілі, жыл: барлығы** ☐☐ **25.5.1 соның ішінде ауыл шаруашылығы саласында** ☐☐

**25.6 Соңғы 12 айда кәсіптік оқытуға (немесе біліктілікті арттыру курстарына) барды ма?**

иә ☐ жоқ ☐

**25.6.1 соның ішінде ауыл шаруашылығы саласында:**

иә ☐ жоқ ☐

**26. Кәсіпорынның (шаруашылықтың) соңғы 12 айдағы орташа тізімдік жұмыскерлер саны мен ауыл шаруашылығы өндірісінде жұмыс істейтіндердің жас құрамын көрсетіңіз** (2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша)

| Жол коды | Көрсеткіштердің атауы | барлығы, адам | оның ішінде: әйелдер | одан: ауыл шаруашылығы өндірісінде жұмыс істейтіндер | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | барлығы, адам | оның ішінде, әйел |
| А | Б | 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Жұмыскерлердің тізімдік саны, барлығы | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | оның ішінде: | | | | |
| 1.1 | тұрақты (еңбек шарттары бойынша) | | | | |
| | одан жеке жас топтары бойынша: | | | | |
| 1.1.1 | 15-34 | X | X | X | X |
| 1.1.2 | 35-62 | X | X | | |
| 1.1.3 | 63 және одан үлкен | X | X | | |
| 1.2 | маусымдық | | | | |

**27. Соңғы 12 айда (2025 жылғы 1 тамызға) бір тұрақты жұмыскердің жұмыс істеген адам-сағаттың орташа санын көрсетіңіз** тиісті жауап нұсқасы "
✓
" белгісі қойылады

1. ≤ 495 ☐ 2. 496-990 ☐ 3. 991-1485 ☐ 4. 1486-1980 ☐ 5. ≥ 1981 ☐

**28. Сіздің кәсіпорныңыз (шаруашылығыңыз) соңғы 12 айда (2025 жылғы 1 тамызға) ауылшаруашылық жұмыстарын орындау үшін шетелдік еңбек мигранттарын жұмыс істеуге тартты ма?**

иә ☐ ↓ жоқ ☐

**28.1 Мигранттардың санын көрсетіңіз, адам** ☐☐☐

**29. Сіздің кәсіпорныңыз (шаруашылығыңыз) соңғы 12 айда (2025 жылғы 1 тамызға) ауылшаруашылық жұмыстарын орындау үшін отбасы мүшелерін жұмысқа тартты ма?**

иә ☐ жоқ ☐

Кәсіпорын (шаруашылық) басшысы немесе оның міндеттерін атқаратын адам

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) ________________________________________________

байланыс телефонының нөмірі: ________________________________________________

электрондық мекенжайы: ________________________________________________

**Сұрақнаманы толтыруға кеткен уақыт, мин** ☐☐☐

Ескертпе:

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну және бастапқы статистикалық деректерді белгіленген мерзімде

ұсынбау "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Кодексінің 497-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табылады.

2025 жылы Қазақстан Республикасының ұлттық ауыл шаруашылығы санағын жүргізуге арналған "Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, дара кәсіпкерлер және шаруа немесе фермер қожалықтары" санақ парағын толтыру жөніндегі нұсқаулық "Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, дара кәсіпкерлер және шаруа немесе фермер қожалықтары" (индексі 2-АШК/ШФҚ, кезеңділігі біржолғы) санақ парағына қосымшада келтірілген.

"Ауыл шаруашылығы<br>кәсіпорындары, дара<br>кәсіпкерлер және шаруа<br>немесе фермер қожалықтары"<br>(индексі 2-АШК/ШФҚ<br>кезеңділігі біржолғы)<br>санақ парағына<br>қосымша

**2025 жылы Қазақстан Республикасының ұлттық ауыл шаруашылығы санағын жүргізуге арналған "Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, дара кәсіпкерлер және шаруа немесе фермер қожалықтары" санақ парағын (индексі 2-АШК/ШФҚ, кезеңділігі біржолғы) толтыру жөніндегі нұсқаулық**

1. Осы нұсқаулық 2025 жылы Қазақстан Республикасының ұлттық ауыл шаруашылығы санағын жүргізуге арналған "Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, дара кәсіпкерлер және шаруа немесе фермер қожалықтары" санақ парағын (индексі 2-АШЖ /ШФҚ, кезеңділігі біржолғы) (бұдан әрі – санақ парағы) толтыруды нақтылайды.

2. Осы нұсқаулықта мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) ауыл шаруашылығы санағы – ауыл шаруашылығының құрылымы мен жай-күйі туралы деректерді жинау, өңдеу, ресми статистикалық ақпаратты талдау және тарату процесін қамтитын статистикалық байқау;

2) ауыл шаруашылығы кәсіпорны – ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен, сақтаумен және қайта өңдеумен айналысатын, ауыл шаруашылығы саласында қызмет көрсететін заңды тұлға немесе оның құрылымдық бөлімшесі;

3) ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтердің) анықтамалығы (АШӨСЖ) – ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерін экономикалық қызмет түрлері бойынша жіктеу және кодтау тәртібін белгілейтін анықтамалық;

4) ауыл шаруашылығы алқаптары – ауыл шаруашылығы өнімін өндіруге жүйелі түрде қатысатын жер алқаптары және оларға: егістік, тыңайған жерлер, көпжылдық екпелер, шабындықтар мен жайылымдар жатады;

5) астық қоймасы (элеватор, астық қабылдау пункті) – астық сақтауға арналған мамандандырылған техникалық құрылысжай;

6) атыз бойымен суару (атызбен суару) – өздігінен ағатын жер үсті суарудың ең жақсы тәсілі;

7) атыздар (дақылдар арасындағы су арналары) – егістер арасындағы су арналары арқылы су тарату;

8) будан тұқымдар – генетикалық айырмашылығы бар аналық нысандарды будандастырудан алынған және гетерозис нәтижесінде шығымдылығы немесе өзге де көрсеткіштері бойынша ең үздік аналық нысаннан асып түсетін өсімдіктердің тұқымдары;

9) балық өсіру материалы – балық өсіру объектісіне қарай, су айдындарына балық жіберуге арналған дернәсілдер, құртшабақтар, шабақтар және балықтардың жасына байланысты басқа да топтары;

10) гербицидтер – арамшөптерді жою үшін қолданылатын химиялық заттар;

11) егістік – жүйелі түрде өңделетін және көп жылдық шөптердің егістігін қоса алғанда, ауыл шаруашылығы дақылдарының егістігіне пайдаланылатын жер учаскелері , сондай-ақ сүрі жер. Алдын ала егілетін дақылдардың егістігі орналасқан (үш жылдан аспайтын уақыт аралығында), түбегейлі жақсарту мақсатында жыртылған шабындықтар мен жайылымдардың жер учаскелері, сондай-ақ бақтардың егіске пайдаланылатын қатар аралығы егістікке жатпайды;

12) егіншіліктегі сүрі жер – бір жаз бойы егін егілмей қалдырылатын жыртылған алқап;

13) жаңбырлату әдісі (суару) – дақылдар учаскелері бойынша жаңбыр түрінде үлкен қысыммен суару;

14) жайылым – ауыл шаруашылығы жануарларын жыл бойы немесе маусымдық жаю үшін берілетін және пайдаланылатын жер учаскелері. Жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын жаю кезінде, жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормалары сақталған кезде жайылымдардың өнімділігі жайылатын ауыл шаруашылығы жануарларына жемшөп қажеттілігінен асатын жағдайларда, жемшөп дайындау мақсатында шөп шабуға рұқсат етіледі;

15) жылыжай – бұл жылыжай өсімдіктерін және көшеттерді жыл бойы өсіруге арналған, кез келген жарық өткізетін материалмен жабылған арнаулы үй-жай;

16) инсектицидтер - жәндіктер зиянкестерін жоюға бағытталған препараттар;

17) көпжылдық дақылдар – жүзім, цитрус жемістері, дәнді және сүйекті жемістер, жеміс ағаштары, бұталар және өзге жаңғақтар, құрамында майы бар жемістер, дәмдеуіштер, хош иісті және фармацевтикалық дақылдар, өзге де көпжылдық дақылдар ;

18) көлде тауарлы балық өсіру шаруашылығы – табиғи және жасанды су айдындарында ихтиофаунаны толық немесе ішінара ауыстыру арқылы жартылай ерікті

бақыланатын жағдайларда балықтар мен басқа да су жануарларын өсіру жөніндегі шаруашылық қызмет түрі;

19) қызметтің негізгі түрі – қосылған құны шаруашылық жүргізуші субъект жүзеге асыратын қызметтің кез келген басқа қызмет түрінің қосылған құнынан асатын қызмет түрі;

20) қосалқы қызмет түрі – негізгіден басқа үшінші тұлғалар үшін өнімді (тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді) өндіру мақсатында жүзеге асырылатын қызмет түрі;

21) майлы дақылдар – тоң май алу үшін өсірілетін өсімдіктер;

22) маусымдық дақылдар – дәнді, бұршақ дақылдары және майлы тұқымдар, көкөністер және бақша, тамыр-жемісті және түйнекжемісті (картоп, қант қызылшасы), темекі, талшықты тоқыма дақылдары (мақта, зығыр, кендір), маусымдық өзге де дақылдар (азықтық дақылдар, гүлдер);

23) минералды тыңайтқыштар – құрамында өсімдікке қажетті қоректік заттар бар және топырақтың қасиеттерін жақсарту және жеміс-жидек дақылдарының өнімділігін арттыру үшін енгізілетін химиялық қосылыстар;

24) органикалық тыңайтқыштар – синтетикалық тыңайтқыштарды, пестицидтерді және өсімдіктердің өсуін реттеуіштерді, синтетикалық негіздегі өсімдіктердің өсуін реттеуіштермен ынталандыру құралдарын пайдаланбай, жабайы өсімдіктерді жинауды қоса алғанда, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру;

25) органикалық-минералды тыңайтқыштар – органикалық заттардан тұратын және онымен байланысты химиялық немесе адсорбциялық - минералды қосылыстардан тұратын гуминді тыңайтқыштар (шымтезек, қоңыр көмір, лайлар, тақтатастар, қарашірік, құрамында азот, фосфор және калий бар минералды қосылыстармен өңделеді);

26) органикалық мал шаруашылығы – мал өсірудің экстенсивті және табиғи әдістерін пайдалана отырып, жемшөптердің табиғи көздеріне толық қолжетімділікті қамтамасыз ететін жағдайда ауыл шаруашылығы жануарларын өсіру;

27) органикалық өсімдік шаруашылығы – жабайы өсімдіктерді жинауды қоса есептегенде, синтетикалық тыңайтқыштарды, пестицидтерді және өсімдіктердің өсуін реттеуіштерді пайдаланбастан, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру;

28) пестицидтер – өсімдіктердің зиянкестерімен және сыртқы паразиттерімен, арамшөптермен, сақталатын ауыл шаруашылығы өнімдерінің зиянкестерімен күресу үшін пайдаланылатын, жеміс-көкөніс өнімдерінің жалпы шығымдылығын арттыру үшін қолданылатын химиялық немесе биологиялық препараттар;

29) родентицидтер – кеміргіштерді жоюға арналған препараттар тобының жалпы атауы;

30) суармалы ауыл шаруашылығы алқаптары – ауыл шаруашылығын пайдалануға және суаруға жарамды, тұрақты немесе уақытша суару жүйесі бар жерлер;

31) сумен қамтамасыз ету циклі тұйықталған балық өсіру шаруашылығы – сумен қамтамасыз етудің тұйықталған циклі технологиясы қолданыла отырып, балықтар мен басқа да су жануарларын қолдан өсірумен байланысты шаруашылық қызмет түрі;

32) сою алаңы (ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңы) – ет өңдейтін кәсіпорындар немесе сою пункттері жоқ кезде құрылатын ветеринариялық-санитариялық ережелерді сақтаумен және жануар мен сойылған мал өнімдеріне ветеринариялық тексеру жүргізумен, мал союға бейімдендірілген үй-жай ( орын);

33) сою пункті – ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізіле отырып, мал союға және сойылған мал өнімдерін бастапқы өңдеуге арналған жабдықпен жарақтандырылған, ветеринариялық-санитариялық нормалар мен талаптарға сай келетін мамандандырылған үй-жай;

34) спринклерлі суару – бұл су ағынын кішкене тамшыларға бөлетін спринклерлер арқылы топырақ бетіне жоғарыдан таралатын әдіс;

35) табиғи – суару үшін жасалмаған таяз көлдер, табиғи арналар немесе өзендер, немесе жер үсті суларының жасанды су айдындары (көлдер, өзендер, бұлақтар) судың бастапқы көзі жаңбыр суы немесе резервуарға жиналған жер асты сулары болуы мүмкін;

36) табиғи шабындықтар – шөп шабу үшін жүйелі түрде пайдаланылатын жер учаскелері;

37) тамшылатып суару әдісі – өсімдікке су тамызу әдісімен немесе микро суару, сондай-ақ тұман күйін жасау арқылы дақылдарды суару;

38) терең ұңғымалар – байқау бірлігінің аумағында немесе оған жақын жерде орналасқан су көзі; пайдаланылатын су артезиан ұңғымаларынан немесе табиғи жер асты қабатынан (жерасты табиғи көздері немесе басқа да осыған ұқсас көздер) сорғымен айдалады;

39) топырақты әктендіру – көптеген ауылшаруашылық өсімдіктеріне зиянды артық қышқылдықты жою үшін топыраққа әк және басқа әк тыңайтқыштарын қосу арқылы қышқыл топырақты химиялық мелиорациялау әдісі;

40) топырақты гипстендіру – топырақты сіңіру кешенінде натрийдің үлкен үлесі және гипстің көмегімен сілтілі реакциясы бар сортаң топырақтардың химиялық мелиорациясын қабылдау;

41) тоғандар мен бассейндер – суды ұстау және су айналымын қамтамасыз етуге қабілетті жер деңгейінен жоғары немесе төмен салынған жасанды бірліктер;

42) тоғанда балық өсіру шаруашылығы – балық шаруашылығы технологиялық су айдындарын пайдалана отырып, балықтар мен басқа да су жануарларын өсіру жөніндегі шаруашылық қызмет түрі;

43) тор қоршамалар – табиғи су айналымына мүмкіндік беретін кіріктірілген ау, сымды тор немесе кез келген өзге торланған материалдармен қоршалған ашық немесе жабық құрылымдар;

44) тор қоршамада балық өсіру шаруашылығы – табиғи және жасанды су айдындарында орналасқан және жартылай ерікті бақыланатын жағдайларда ұстауға мүмкіндік беретін арнаулы құрылғыларда (тор қоршамаларда) балықтар мен басқа да су жануарларын өсіру жөніндегі шаруашылық қызмет түрі;

45) тыңайған жер – бұрын егістік құрамында болған және күзден бастап бір жылдан аса ауыл шаруашылығы дақылдарын егуге пайдаланылмайтын және пар айдауға әзірленбеген жер учаскесі;

46) фунгицидтер – әртүрлі дақылдардың ауруларымен күресуге арналған химиялық препараттар;

47) экологиялық таза өнім – бұл экологиялық таза технологиялар мен жабдықтың көмегімен өндірілген, құрамындағы зиянды заттар қоршаған ортаға және адамның денсаулығына залал келтірмейтін қолайлы қоршаған ортада тасымалданған және сақталған өнім.

3. Санақ парағын Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (ЭҚЖЖ) 011, 012, 013, 014, 015, 016, 032 кодтары бойынша экономикалық қызметтің негізгі немесе қайталама түрлерімен ауыл шаруашылығы қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғалар және (немесе) оның құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, шаруа немесе фермер қожалықтарын қоса алғанда, дара кәсіпкерлер ұсынады.

Егер ауыл шаруашылығы қызметі бірнеше аландардың және (немесе) облыстардың/ қалалардың аумағында жүзеге асырылса, заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, дара кәсіпкерлер мен шаруа немесе фермер қожалықтары жердің, ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдарының, мал мен құстың, балық өсіру және басқаларының накты орналасқан жері бойынша деректерді көрсете отырып, әрбір аумақ бойынша санақ парағын толтырады.

4. I бөлімде жер ресурстары, суару әдістері мен көздері, егіс алаңы және басқалары туралы ақпарат Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне (ӘАОЖ) сәйкес әрбір аумақ бойынша 1-сұрақтан 10.1-кіші сұрақ бойынша көрсетіледі.

1-сұрақта үтірден кейін екі таңбасы бар гектардағы жер алаңы көрсетіледі. Кәсіпорын (шаруашылық) жерлерінің жалпы алаңын меншік нысандары бөлінісінде көрсету қажет:

1.1-жол меншік құқығындағы жердің алаңы;

1.2-жол уақытша жер пайдалану (жалдау) құқықтарында бекітілген жердің алаңы ( жерді мемлекеттен 49 жылға жалға алу осы жол бойынша көрсетіледі);

1.3-жол бірлескен қызмет туралы шарт негізінде пайдаланылатын жердің алаңы ( жалға берілгенін есепке алмағанда);

1.4-жол бірлескен қызмет туралы шарт негізінде берілген жердің алаңы.

Шаруашылық жерлерінің жалпы алаңы (2.1-жол бойынша) ауыл шаруашылығы алқаптарының түрлері бойынша бөлінеді: егістік, тыңайған жерлер, көпжылдық екпелер, шабындықтар, жайылымдар, сондай-ақ барлық ауыл шаруашылығы емес алқаптардың алаңы жеке бөлінеді (2.1.2-жол).

Егістік жердің алаңынан (2.1.1.1-жол) нақты суармалы жерлердің алаңын бөліп, 2.1.1.1.1-жол бойынша көрсету қажет.

Суармалы ауыл шаруашылығы алқаптарына ауыл шаруашылығында пайдалануға және суаруға жарамды, су ресурстары жүйесінің қазіргі пайдалы жұмыс коэффициентінде суару нормаларының жобалау немесе қолданыстағы нормативтері бойынша осы жерді сумен қамтудың қолайлы мерзімі ішінде қамсыздандырудың кемінде 75 процентінен кем емес су ағынымен қамтамасыз ететін суару көзімен байланысты тұрақты және уақытша суару жүйесі бар жер жатады.

2.1.1.1.2-жол бойынша парға арналған жердің алаңын егістік жерден бөліп көрсету қажет.

Ауыл шаруашылығы емес жерлерге арнайы мелиорациялық іс - шаралар (құрғату, суару) жүргізілмеген ауыл шаруашылығы өндірісі үшін пайдалануға болмайтын жер алаңдары, сондай-ақ жер алаңдары - ормандар, бұталар, су астындағы жерлер (өзендер, көлдер), жолдар мен сүлелер астындағы жерлер, құрылыстар, көшелер, алаңдары мен аулалары, құмдар, ауыл шаруашылығында пайдалануға жарамсыз өзге де жерлер ( таулардың беткейлері, жыралар, тасты топырақтар, зиянды сортаңдар және басқалар) астындағы жерлер жатады. Бұл жолға шаруашылықішілік жолдар, коммуникациялар, тұйық су айдындары, мелиоративтік жүйе, ауыл шаруашылығының жұмыс істеуі үшін қажетті құрылыстар мен құрылысжайлар алып жатқан жерлер, сондай-ақ ауыл шаруашылығы емес алқаптардың массивтеріне қиылысқан өзге де алқаптар енгізіледі.

І бөлімнің 2-сұрағы 1-сұрақтың 2.1.1.1.1-жолы бойынша нақты суарылатын егістік алаңы бойынша деректер ұсынылған жағдайда толтырылады.

2-сұрақта шаруашылықта қолданылатын суару әдістері көрсетіледі: жаңбырлату, тамшылатып суару, спринклерлі суару, жаппай бастыра суару, атызбен суару.

Су учаскеге беріледі және құбыр жүйесі арқылы таратылады, содан кейін бүріккіш бастар арқылы ауаға шығарылады және топырақ бетіне түседі.

Жаппай бастыра суару негізінен күрішті суару үшін, жайылмалы суару және тұзданған топырақты шаю кезінде қолданылады. Көбінесе ол жоңышқа, жүгері және дәнді дақылдарды суару үшін қолданылады.

І бөлімнің 3-сұрағында суару көздері көрсетіледі: жалпы суару жүйесінен, табиғи су айдындары (көлдер, өзендер, бұлақтар), су қоймасы (бассейн), жер асты бұлақтары ( терең ұңғымалар), таяз құдықтар.

І бөлімнің 4-сұрағында, ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алқаптары бойынша мәліметтер көрсетіледі.

2025 жылғы егін алаңдарының көлемін анықтау кезінде мынадай қағидаларды басшылыққа алған жөн.

1) жалпы егіс алаңына және дақылдар түрлері бойынша мынадай егістер енгізіледі:

2025 жылғы 1 тамызда сақталған күздік дақылдар мен көпжылдық егілген шөптер;

2025 жылғы 1 тамызда сақталған жаздық дақылдардың негізгі дақылдары (қайта егуді есептемегенде).

2) жалпы егіс алаңына кірмейді:

жасыл тыңайтқышқа өндірілген дақылдар (жасыл көң дақылдары);

алдын ала жыртылғаннан кейін табиғи шабындықтар мен жайылымдарды түбегейлі жақсарту тәртібімен өндірілген көпжылдық шөптерді егу (көпжылдық шөптерді шалшыққа егу).

Дақылдар бойынша олардың егістіктері, оның ішінде элиталық тұқымдармен ( будандармен) егілген, I, II, III репродукциялы, III репродукциядан төмен жалпы алаң көрсетіледі.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері мен сорттары бойынша егіс алқаптарында 2025 жылғы егіске арналған егістердің нақты мөлшері (бірлескен қызмет туралы шарттар бойынша пайдаланылатын алқаптарды қоса алғанда) көрсетіледі.

Дәнді, дәнді-бұршақты және майлы дақылдар бойынша элиталық (будан) тұқымдармен егілген, I, II, III репродукциялы, III репродукциядан төмен егістік алқаптар бөлінеді.

Элиталық тұқымдар ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің түпнұсқа тұқымынан алынған және тұқым шаруашылығы саласындағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес келеді.

Тұқымдардың репродукциясы дегеніміз бірінші жылы элиталық тұқымды себуден есептелетін қайта себу тізбегі, бірінші жыл – бірінші репродукция, екінші жыл – екінші репродукция, үшінші жыл – үшінші репродукция, төртінші жыл – төртінші репродукция, бесінші жыл – бесінші репродукция, алтыншы жыл – жаппай репродукция.

5-сұрақта 2025 жылғы 1 тамыздағы АШӨСЖ сәйкес көпжылдық дақылдар алқаптарының саны мен мөлшері (гектармен) көрсетіледі.

Жауап беру кезінде мыналарды ескеру қажет:

дәнді, сүйекті, жаңғақ тұқымдарының ағаштары алғашқы жемістер пайда болғаннан кейінгі үшінші-төртінші жылы жеміс беретін жасқа енген болып саналады;

жидек бұталары (қарлыған, қарақат, таңқурай) – оларды көшеттермен отырғызғаннан кейінгі үшінші жылы, бүлдірген (құлпынай) – екінші жылы, жүзім – бесінші жылы;

жеміс беретін жасқа жеткен екпелер санақтың алдындағы жылы олардан жеміс алынғанына немесе алынбағанына қарамастан, ағаштар мен бұталар қатарында есепке алынады.

Қарақат, қарлыған, теңіз шырғаны екпелері бұталардың алаңы мен саны, бүлдірген (құлпынай) және таңқурай (қаражидек) тек өздері алып жатқан алаң бойынша есепке алынады.

| | |
|---|---|
| 1 сотық - 100 шаршы метр | 1 гектар - 100 сотық |
| 10 сотық – 1000 шаршы метр | 1 гектар -10000 шаршы метр |
| 100 шаршы метр – 0,01 гектар | 1000 шаршы метр - 0,1 гектар |

I бөлімнің 6-сұрағында жыл соңына дейін жоспарланғандарды қоса алғанда, барлық айналымдарды ескере отырып, барлық жылыжайлардың (жыл бойы, қысқы, көктемгі) саны мен алаңы көрсетіледі.

I бөлімнің 7-сұрағында көкөністерді, жидек дақылдарын, саңырауқұлақтарды, гүлдерді отырғызатын жабық топырақты отырғызу алаңдары үтірден кейін бір таңбасы бар шаршы метрде көрсетіледі.

I бөлімнің 8-сұрағында 2025 жылғы егінге қолданылатын тыңайтқыштар мен 2025 жылғы егін үшін топырақ сапасын жақсартуға арналған құралдар көрсетіледі. 1-бағанда гектардағы ұрықтандырылған (өңделген) алаң көрсетіледі. 2-бағанда отандық өндіріс өнімі пайдаланылған жағдайда "
✓
" белгісі қойылады, 3-5-бағандарда енгізілген тыңайтқыштардың (құралдардың) жалпы көлемінен отандық өндіріс өнімі қандай пайыздық қатынаста пайдаланылғаны көрсетіледі.

8.1 кіші сұрақта 2025 жылғы егінге пайдаланылатын өсімдіктерді қорғауға арналған құралдар (пестицидтер) көрсетіледі.

I бөлімнің 9-сұрағында егер өсімдік шаруашылығы бойынша органикалық өнім өндіруді жүзеге асыратын немесе өтпелі кезеңдегі өнім өндіру сатысында тұрған кәсіпорын болса, онда "иә" деп жауап беріледі.

9.1-кіші сұрақта 9-сұрақта "жоқ" деген жауап болған жағдайда, кәсіпорын ( шаруашылық) болашақта өсімдік шаруашылығының органикалық өнімін өндіруді жоспарлап отырғаны атап өтіледі.

9.2 кіші сұрақта органикалық өнім өндіру санаттары бойынша "
✓
" белгісі қойылады: отандық немесе шетелдік орган сертификаттаған өндіріс процесі және өтпелі кезең.

9.3 кіші сұрақта түрлері (дәнді дақылдар, бұршақ дақылдары, майлы дақылдар, көкөніс, бақша дақылдары, тамыр және түйнек дақылдары) бойынша органикалық өнімді өсіру үшін пайдаланылатын алаң көрсетіледі.

I бөлімнің 10 сұрағында құрылыстар мен құрылысжайлардың (астық тұқым қоймасы, көкөніс картоп қоймасы, жеміс сақтау қоймасы, минералды тыңайтқыштарды , улы химикаттарды сақтауға арналған қоймалар және т.б.) болуы туралы ақпарат, олардың саны көрсетіледі, олардан жекеменшік немесе жалға алынған үй-жайлар, жалпы алаңы (шаршы метрмен) және сыйымдылығы (тоннамен) бөліп көрсетіледі.

Өсімдік шаруашылығының ауыл шаруашылығы өнімін сақтауға арналған құрылыстардың сыйымдылығы өнімді сақтаудың агротехникалық және техникалық нормаларына сәйкес өндірістік алаңдарды, механикаландыру құралдарын толық пайдалану және жасанды орта құруды ескере отырып айқындалады.

5. II бөлімде 11-сұрақтан 14.3-кіші сұраққа дейін әрбір аумақ әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне (ӘАОЖ) сәйкес ауыл шаруашылығы жануарларының саны, оларды күтіп-ұстауға арналған құрылыстар мен құрылысжайлар туралы ақпарат көрсетіледі.

II бөлім кәсіпорын (шаруашылық) мал шаруашылығымен айналыспаса толтырылмайды.

II бөлімнің 11-сұрағында кәсіпорынға (шаруашылыққа) меншік құқығымен бекітілген ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстардың орналасқан жеріне (мал шаруашылығы үй-жайларында, шалғайдағы жайылымдарда) қарамастан олардың басы туралы деректер ұсынылады, олардан жалға немесе пайдалануға алынған мал, құс, өзге де жануарлар бөлініп көрсетіледі. Ауыл шаруашылығы жануарлары басын мен құстардың санын 2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша және АШӨСЖ анықтамалығына сәйкес жыныстық-жас топтары бөлінісінде көрсету қажет.

2025 жылдың 1 тамызынан кейін сатылған, сойылған немесе өлген жануарлар қолда бар мал санына жазылуы керек. 2025 жылғы 1 тамыздан кейін туылған және/немесе сатып алынған жануарлар есепке алынбайды.

II бөлімнің 12-сұрағында кәсіпорында (шаруашылықта) қолданылатын ауыл шаруашылығы жануарларын ұстау жүйелері (жайылымда жаю, қорада ұстау, қорада ұстау-жайылымда жаю, шалғай-жайылым) көрсетіледі.

II бөлімнің 13-сұрағында жануарларды ұстауға арналған қолданыстағы құрылыстар мен құрылысжайлар, олардың саны, жалпы алаңы (шаршы метрмен) және сыйымдылығы (мал орны, құс орны) көрсетіледі.

1 басқа алаңның нормасы (ш.м.): ірі қара мал мен жылқы 4-5, бұзау мен құлын 1,5-3 , қой мен ешкі 0,5-2, шошқа 1-7.

II бөлімнің 14-сұрағында егер мал шаруашылығы бойынша органикалық өнім өндіруді жүзеге асыратын немесе өтпелі кезеңдегі өнім өндіру сатысында тұрған кәсіпорын болса, онда "иә" деп жауап беріледі.

14.1-кіші сұрақта 14-сұрақта "жоқ" деген жауап болған жағдайда, кәсіпорын ( шаруашылық) болашақта мал шаруашылығының органикалық өнімін өндіруді жоспарлап отырғаны белгіленеді.

14.2-кіші сұрақта – 2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша органикалық мал шаруашылығындағы мал саны (ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері және бас саны) көрсетіледі.

14.3-кіші сұрақта – (2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша органикалық мал шаруашылығындағы мал басы (Ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері және бас саны).

6. III бөлімде, егер балық шаруашылығы саласындағы қызмет бірнеше алаңдардың және (немесе) облыстардың/қалалардың аумағында жүзеге асырылса, онда әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне (ӘАОЖ) сәйкес әрбір аумақ бойынша мәліметтер жеке көрсетіледі.

15-сұрақтың III бөлімінде егер егер кәсіпорын (шаруашылық) балық және (немесе) оның құртшабақтарын өсіруді жүзеге асырса (2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша), "иә" жолына "
✓
" белгісі қойылады.

15.1-кіші сұрақта АШӨСЖ сәйкес өсірілетін балық түрлері көрсетіледі.

15.2-кіші сұрақта жылына балықты өсірудің жобалық қуаттылығы тоннамен көрсетіледі.

15.3-кіші сұрақта кәсіпорында қолданылатын балық өсіру шаруашылығының түрлері (тоғанда, көлде тауарлы, тор қоршамада, сумен қамтамасыз ету циклі тұйықталған) белгіленеді.

15.4-кіші сұрақта отандық өндірістегі балықтарға арналған жемді пайдалану "
✓
" белгісімен белгіленеді.

15.5-кіші сұрақта отандық өндірістегі балық отырғызу материалын (құршабақты) пайдалану "
✓
" белгісімен белгіленеді.

7. IV бөлімде кәсіпорын (шаруашылық) ауыл шаруашылығы техникасын, машиналар мен жабдықтарды пайдаланған жағдайда толтырылады.

16.1-кіші сұрақта отандық және импорттық өндірістің барлық типтері мен маркаларының ауыл шаруашылығы техникасы, машиналары мен жабдықтары көрсетіледі.

16.2-кіші сұрақта кәсіпорын (шаруашылық) жалға алынған ауыл шаруашылығы техникасын, машиналар мен жабдықтарды пайдаланған жағдайда "иә" деген жауап белгіленеді.

8. 17-сұрақтың V бөлімінде өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімдерін – дайындаушы ұйымдарға, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдейтін кәсіпорындарға, сауда желісі және қоғамдық тамақтану желісі арқылы, экспортқа, ауыл шаруашылығы кооперативтеріне, делдалдарға, халыққа өткізу арналары белгіленеді.

9. 18-сұрақтың VI бөлімінде кәсіпорын (шаруашылық) жүзеге асыратын, бірақ АШӨСЖ анықтамалығына сәйкес ауыл шаруашылығының құрамына кірмейтін қызмет

түрлері (сүтті, етті, жемістер мен көкөністерді, астықты қайта өңдеу, теріні, жүнді өңдеу және басқалары) белгіленеді.

10. VII бөлімнің 19-сұрағында кәсіпорынның (шаруашылықтың) астық қоймаларына, сою пункттері мен алаңдарына, ветеринариялық пункттерге, көтерме-тарату орталықтарына, көкөніс, жеміс-жидек қоймаларына, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындарына, минералды тыңайтқыштарды, улы химикаттарды сақтауға арналған қоймаларға 100 км радиуста қолжетімділігінің болуы белгіленеді.

11. VIII бөлімде кәсіпорынның шаруашылық қызметін жүргізу шарттары көрсетіледі.

20-сұрақта 2025 жылы кәсіпорынға (шаруашылыққа) үшінші тұлғалар ұсынған қызмет түрлері (топырақ дайындау, егу, жинау және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғау жөніндегі қызмет, жануарларды күтіп-бағу және күту, ветеринариялық қызмет көрсету, қолдан ұрықтандыру, мамандардың консультациясы және басқалары) көрсетіледі.

21-сұрақта жаңа цифрлық технологияларды (мобильді немесе онлайн – қосымшалар , географиялық ақпараттық жүйелер, қоршаған ортаның жай-күйін мониторингілеу жүйелері, ауыл шаруашылығы объектілерін мониторингілеу үшін дрондар, пилотсыз ұшыру, GPS жүйелері және басқалары), аграрлық шаруашылықты басқаруда автоматтандыру құралдарын пайдалану туралы ақпарат көрсетіледі.

22-сұрақтың 1-бағанында кәсіпорынға (шаруашылыққа) кәсіпорын (шаруашылық) қызметінің барлық кезеңінде өнімділікті, су беру жөніндегі қызметтердің құнын арттыруға, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға және т.б. мемлекеттік қолдау шараларын (субсидиялар) беру фактісі, соңғы 12 айдағы 2-бағанда көрсетіледі.

23-сұрақта кәсіпорынның (шаруашылықтың) соңғы 12 айда алған кредиттің нысаналы мақсаты мен кредит мерзімдері (қысқа мерзімді кредиттер, жер учаскелерін сатып алуға, техника, машиналар мен жабдықтар сатып алуға, жаңа өндірістік объектілер салуға және басқалары) көрсетіледі.

Ауыл шаруашылығы қажеттіліктеріне арналған кредит ауыл шаруашылығы өндірісінің жұмыс істеуіне байланысты мақсаттарда алынған кредиттің кез келген түрін білдіреді.

24-сұрақта кәсіпорынның (шаруашылықтың) ауыл шаруашылығы кооперативінің мүшесі болып табылатындығы және қайсысының мүшесі екендігі (өндірістік, өткізуші, сервистік, өңдеуші және басқалары) көрсетіледі.

12. 25-сұрақтың IX бөлімінде шаруашылық басшысы немесе оның міндетін атқаратын адам – жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН), тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жасы, жынысы, білімі, жұмыс өтілі, біліктілікті арттыру курстарынан өтуі туралы мәліметтер көрсетіледі.

26-сұрақта еңбек шарттары мен азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар негізінде кәсіпорында (шаруашылықта) жұмыс істейтін қызметкерлердің тізімдік саны туралы деректер көрсетіледі. Қызметкерлердің тізімдік саны тұрақты негізде жұмыс істейтін және маусымдық қызметкерлерді бөле отырып көрсетілсін. Жұмыскерлердің орташа саны соңғы 12 айдағы (2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша) жұмыскерлер санын жинақтау және алынған соманы 12-ге бөлу жолымен айқындалады. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы өндірісінде жұмыс істейтін тұрақты шаруашылық жұмыскерлерінің жас құрамы бойынша тізімдік саны туралы деректер ұсынылады, сондай-ақ олардан әйелдер саны бөлініп көрсетілсін (2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша соңғы 12 айдағы орташа).

IX бөлімнің 27-сұрағында бір тұрақты жұмыскердің жұмыс істеген адам-сағаттарының орташа саны көрсетіледі (2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша соңғы 12 айдағы орташа). Толық жұмыс уақыты (бес күндік, 246-248 жұмыс күні, бір күн – 8 сағат) кем дегенде 1980 сағат, адам-сағаттың толық жұмыс уақытына қатынасы төменде келтірілген:

1. ≤ 495 – толық жұмыс уақытының 25%-дан азы;
2. 496 – 990 – толық жұмыс уақытының 25%-дан 49%-ға дейін;
3. 991 – 1485 – толық жұмыс уақытының 50%-дан 74%-ға дейін;
4. 1486 – 1980 – толық жұмыс уақытының 75% -дан 99%-ға дейін;
5. ≥ 1981 – 1981 сағаттан артық.

Шетелдік еңбек мигранттары жұмысқа тартылған жағдайларда 2025 жылдың соңғы 12 айында IX бөлімнің 28 және 28.1-сұрақтары белгіленеді.

29-сұрақта соңғы 12 айда (2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша) ауыл шаруашылығы жұмыстарын орындау үшін кәсіпорынға (шаруашылыққа) отбасы мүшелерін жұмысқа тарту көрсетіледі.

13. Санақ парағын электрондық форматта толтыру интернет желісі арқылы www.sanaq.gov.kz веб-порталында онлайн режимде жүзеге асырылады.

14. Арифметикалық-логикалық бақылау:

1) 1-сұрақ. "2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша кәсіпорын (шаруашылық) жерлерінің сипаттамасы":

1-жол=1.1+1.2+1.3+1.4-жолдардың ∑;

1.4-жол<1.1+1.2+1.3 жолдардың ∑;

2-жол≤ 1-жол;

2.1-жол=2.1.1-жол + 2.1.2-жол+ 2.1.3-жол;

2.1.1-жол= 2.1.1.1-жол + 2.1.1.2 + 2.1.1.3+2.1.1.4+2.1.1.5-жолдар;

2.1.1.1-жол≥ 2.1.1.1.1-жол +2.1.1.1.2-жол.

8-сұрақ. "2025 жылғы егінге топырақ сапасын жақсарту үшін қандай тыңайтқыштар мен құралдар қолданылды":

2-жол ≥ 2.1- жолдың ∑, 1-баған үшін.

16-сұрақ. "2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша кәсіпорынның ( шаруашылықтың) ауыл шаруашылығы техникалары, машиналары мен жабдықтарының санын көрсетіңіз":

1-баған = 2 және 3-бағандардың ∑, әр жол үшін.

26-сұрақ. "Орташа алғанда соңғы 12 айдағы ауыл шаруашылығы өндірісінде жұмыспен қамтылған жұмыскерлердің тізімдік санын және жас құрамын көрсетіңіз ( 2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша)":

1-жол = 1.1 және 1.2-жолдардың ∑, әрбір баған үшін;

1.1-жол ≥ 1.1.1–1.1.3 жолдардың ∑, 3,4 баған үшін.

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросының
басшысы
2025 жылғы 12 наурыздағы
№ 7 бұйрығына
3-қосымша

QAZSTAT
Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Мемлекеттік статистика органдары құпиялылығына кепілдік береді

2025 жылы Қазақстан Республикасының ұлттық ауыл шаруашылығы санағын жүргізуге арналған санақ парағының нысаны

Санақ парағы "www.sanaq.gov.kz" интернет-ресурсында орналастырылған

**Жеке қосалқы шаруашылықтар**

Индексі 3-ЖҚШ

Кезеңділігі: біржолғы

Санақ субъектілері: жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін жер учаскелері бар және/немесе ауыл шаруашылығы жануарлары бар үй шаруашылықтары

Ұсыну мерзімі: 2025 жылғы 1 тамыздан бастап 20 қазан аралығында

| нұсқаушылық учаскесінің[1] № | | | | | есеп учаскесінің[2] № | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | |

ӘАОЖ[3] коды

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | |

Әкімшілік-аумақтық бірліктің атауы ___________________________________________

Мекенжайы ______________________________________________________________

Үйдің (учаскенің) нөмірі __________________ пәтердің нөмірі ____________________

Ескертпе:

[1],[2] Нұсқаушылық және есеп учаскелерінің нөмірлерін Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының аумақтық бөлімшелері береді және мекенжайлар тізілімі планшеттегі мобильді қосымшаға жүктелгеннен кейін автоматты түрде көрсетіледі;

[3] ӘАОЖ – Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында "Статистикалық жіктеуіштер" бөлімі "Ұлттық" кіші бөлімінде орналастырылған Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне сәйкес толтырылады.

**I бөлім. Жер ресурстары**

**1. 2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша үй шаруашылығы жерлерінің сипаттамасы**

(1 сотық = 100 шаршы метр; 10 сотық = 1 000 шаршы метр; 1 гектар = 100 сотық; 1 гектар = 10 000 шаршы метр)

алаңы үтірден кейін бір таңбамен көрсетіледі

| Жол коды | Көрсеткіштердің атауы | Алаңы, шаршы метрмен |
|---|---|---|
| А | Б | 1 |
| 1 | Жер ресурстары | |
| 1.1 | меншік құқығымен бекітілген жер | |
| 1.2 | уақытша жер пайдалану (жалдау) құқығымен бекітілген жер, мемлекеттен алуды қоса алғанда | |
| 1.3 | бірлескен қызмет туралы шарт негізінде пайдаланылатын жер | |
| 1.4 | бірлескен қызмет туралы шарт негізінде берілген жер | |

**II бөлім. Өсімдік шаруашылығы**

**2. Сіздің үй шаруашылығыңыз өсімдік шаруашылығымен айналыса ма (маусымдық, көпжылдық дақылдардың егісі бар ма)?**

иә ☐ жоқ ☐

**3. 2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша маусымдық және көпжылдық дақылдардың (санын қоса алғанда) егіс алаңдарын (аула маңындағы учаскенің шегінен тыс егістерді қоса алғанда) көрсетіңіз**

алаңы үтірден кейін бір таңбамен көрсетіледі

| Жол коды | Дақылдың атауы | АШӨСЖ коды[4] | Ағаштар саны, бірлік | Алаңы, шаршы метрмен |
|---|---|---|---|---|
| А | Б | В | 1 | 2 |
| | | | | |

Ескертпе:

[4]Мұнда және бұдан әрі АШӨСЖ – Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында "Статистикалық жіктеуіштер" бөлімінде орналастырылған Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) анықтамалығына сәйкес толтырылады.

**4. 2025 жылғы егінге топырақ сапасын жақсарту үшін қандай тыңайтқыштар мен құралдар қолданылды**

| Жол коды | Көрсеткіштердің атауы | " ✓ " белгісі қойылады |
|---|---|---|
| А | Б | 1 |
| 1 | Минералды тыңайтқыштар | ☐ |
| 2 | Органикалық тыңайтқыштар (көң) | ☐ |
| 3 | Органикалық-минералды тыңайтқыштар | ☐ |
| 4 | Биотыңайтқыштар | ☐ |
| 5 | Топырақты әктендіру | ☐ |
| 6 | Топырақты гипстендіру | ☐ |
| 7 | Басқа | ☐ |

**5. 2025 жылғы егінге өсімдіктерді қорғаудың қандай құралдары қолданылды**

| Жол коды | Көрсеткіштердің атауы | " ✓ " белгісі қойылады |
|---|---|---|
| А | Б | 1 |
| 1 | Пестицидтер, барлығы | Х |
| | одан: | |
| 1.1 | гербицидтер | ☐ |
| 1.2 | инсектицидтер | ☐ |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 1.3 | фунгицидтер | ☐ |
| 1.4 | родентицидтер | ☐ |
| 1.5 | аралас | ☐ |
| 1.6 | басқа | ☐ |

**III бөлім. Мал шаруашылығы**

**6. Сіздің үй шаруашылығыңыз мал шаруашылығымен айналыса ма (мал немесе құс бар ма)?**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| иә | ☐ | жоқ | ☐ | IV бөлімге өтіңіз |

**7. 2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша ауыл шаруашылығы жануарларының санын (жалға немесе пайдалануға алынғандарды есепке алумен) жыныс-жас құрылымы бөлінісінде көрсетіңіз**

| Жол коды | Көрсеткіштердің атауы | АШӨСЖ коды[4] | Барлығы, бас | одан: жалға немесе пайдалануға алынғаны |
|---|---|---|---|---|
| А | Б | В | 1 | 2 |
| | | | | |

**8. Сіздің үй шаруашылығыңыз ауыл шаруашылығы жануарларын ұстаудың қандай жүйелерін қолданады**

тиісті жауап нұсқасына "
✓
" белгісі қойылады

| Жол коды | Ұстау жүйесі | Ірі қара мал | Қой мен ешкі | Жылқылар және өзге де жылқы тұқымдас жануарлар, тірі | Түйе және түйе тектес, тірі |
|---|---|---|---|---|---|
| А | Б | 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Жайылымда жаю | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| 2 | Қорада ұстау | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| 2.1 | одан: бордақылау | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| 3 | Қорада ұстау-жайылымда жаю | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| 4 | Шалғай жайылым | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |

**IV бөлім. Балық өсіру**

**9. Сіздің үй шаруашылығыңыз 2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша балық және (немесе) оның құртшабақтарын өсірумен айналыса ма? "**
✓

**" белгісімен белгілегенді**

иә ☐ жоқ ☐ V бөлімге өтіңіз

**9.1 Өсірілетін балық түрін көрсетіңіз** ☐

**9.2 Балық өсірудің жобалық қуатын көрсетіңіз, жылына килограмм** ☐
Үтірден кейін бір таңбамен көрсетіледі

## V бөлім. Техникалық құралдар, үй-жайлар

**10. Ауыл шаруашылығы жануарларын ұстауға арналған құрылыстар мен құрылысжайлардың болуы туралы ақпаратты көрсетіңіз** (1-6 және 8-жолдарды толтырған кезде қайталанудың болмауына назар аударыңыз)

| Жол коды | Атауы | Саны, бірлік | Жалпы алаңы, шаршы метрмен | Сыйымдылығы мал орны, (құс орны) |
|---|---|---|---|---|
| А | Б | 1 | 2 | 3 |
| 1 | Ірі қара малды ұстауға арналған қоралар | | | |
| 2 | Қой, ешкі ұстауға арналған қоралар | | | |
| 3 | Жылқы ұстауға арналған қоралар | | | |
| 4 | Түйе ұстауға арналған қоралар | | | |
| 5 | Шошқа ұстауға арналған қоралар | | | |
| 6 | Құстарды ұстауға арналған үй-жайлар ( құс фабрикаларынан басқа) | | | |
| 7 | Құс фабрикалары | Х | Х | Х |
| 8 | Малдың бірнеше түрін ұстауға арналған қоралар | | | Х |
| 9 | Малдың өзге де түрлерін ұстауға арналған қоралар | | | Х |

**11. Үй шаруашылығында ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтауға арналған жеке тұрған үй-жайдың бар-жоғын көрсетіңіз**

алаңы үтірден кейін бір таңбамен көрсетіледі

| Жол коды | Көрсеткіштердің атауы | Саны, бірлік | Жалпы алаңы, шаршы метрмен |
|---|---|---|---|
| А | Б | 1 | 2 |
| 1 | Көкөніс-картоп сақтау қоймалары | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2 | Жеміс сақтау қоймалары (жеміс-жидек қоймаларын қоса) | | |
| 3 | Өзге де құрылыстар | | |

**12. Сіздің үй шаруашылығыңыз ауыл шаруашылығы техникасын, машиналар мен жабдықтарын қолдана ма?**

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | иә | ☐ | жоқ | ☐ | | | | | | |

**12.1 2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша Сіздің үй шаруашылығыңыздың жеке меншігіндегі, жұмыс істеп тұрған ауыл шаруашылығы техникасын, машиналары мен жабдықтарын көрсетіңіз**

| Жол коды | Көрсеткіштердің атауы | Саны, бірлік | одан пайдалану мерзімі 10 жылдан астам |
|---|---|---|---|
| А | Б | 1 | 2 |
| 1 | Ауыл және орман шаруашылығына арналған тракторлар | | |
| 2 | Шөп шабатын машиналар | | Х |
| 3 | Тырмалар | | Х |
| 4 | Қопсытқыштар | | Х |
| 5 | Трактор тырмалары | | Х |
| 6 | Трактор соқалары | | Х |
| 7 | Сепкіштер | | Х |
| 8 | Трактор тіркемелері | | Х |
| 9 | Жүк көліктері | | Х |
| 10 | Сауу жабдығы | | |
| 11 | Құс шаруашылығына арналған жабдық | | |
| 11.1 | одан: инкубаторлар | | |
| 12 | Теңтайлағыш | | Х |
| 13 | Қой қырқуға арналған машинка | | Х |
| 14 | Өзге де | | |
| 15 | Ауыл шаруашылығы техникасын, машиналары мен жабдықтарын пайдаланбаған, " ✓ " белгісі қойылады | ☐ | Х |

**VI бөлім. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу және өңдеу**

**13. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мақсатын көрсетіңіз**

| Жол коды | Көрсеткіштер атауы | " ✓ " белгісі қойылады |
|---|---|---|
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| А | Б | 1 |
| 1 | Жеке тұтынуы үшін | ☐ |
| 2 | Жеке тұтынуы және сату үшін | ☐ |
| | одан: | Х |
| 2.1 | негізінен (50%-дан жоғары) сату үшін | ☐ |
| 2.2 | негізінен (50%-дан жоғары) жеке тұтынуы үшін | ☐ |
| 3 | Ақшалай табыстың негізгі көзі | ☐ |

**14. Ауыл шаруашылығы өнімдері кейіннен сату үшін өңделді ме?**

13-сұрақтың 2-3-жолдарын белгілеген үй шаруашылықтары толтырады

бірнеше жауап нұсқасын көрсетуге болады

| Жол коды | Көрсеткіштер атауы | " ✓ " белгісі қойылады |
|---|---|---|
| А | Б | 1 |
| 1 | Сүтті өңдеу | ☐ |
| 2 | Етті өңдеу | ☐ |
| 3 | Жемістер мен көкөністерді өңдеу | ☐ |
| 4 | Жүнді бастапқы өңдеу | ☐ |
| 5 | Ауыл шаруашылығы жануарларының терісін бастапқы өңдеу | ☐ |
| 6 | Өңдеудің өзге де түрлері | ☐ |

**15. Өндірілген немесе өңделген ауыл шаруашылығы өнімдері қандай арналар арқылы өткізілетінін көрсетіңіз**

бірнеше жауап нұсқасын көрсетуге болады

| Жол коды | Көрсеткіштердің атауы | " ✓ " белгісі қойылады |
|---|---|---|
| А | Б | 1 |
| 1 | Дайындау ұйымдарына | ☐ |
| 2 | Өңдеуші кәсіпорындарға | ☐ |
| 3 | Сауда желісі және қоғамдық тамақтандыру желісі арқылы | ☐ |
| 4 | Экспортқа | ☐ |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 5 | Ауыл шаруашылығы кооперативтеріне | ☐ |
| 6 | Делдалдарға | ☐ |
| 7 | Халыққа | ☐ |

**VII бөлім. Жеке қосалқы шаруашылыққа көрсетілетін қызметтер**

**16. Сіз ауыл шаруашылығы қызметін жүргізу үшін үшінші тұлғалардың қандай қызметтерін пайдаландыңыз?**

бірнеше жауап нұсқасын көрсетуге болады

| Жол коды | Көрсеткіштердің атауы | "✓" белгісі қойылады |
|---|---|---|
| А | Б | 1 |
| 1 | Топырақты дайындау | ☐ |
| 2 | Ауыл шаруашылығы дақылдарын егу және жинау | ☐ |
| 3 | Ауыл шаруашылығы дақылдарын аурулар мен зиянкестерден қорғау қызметтері | ☐ |
| 4 | Жем-шөпті жеткізу | ☐ |
| 5 | Жануарларды ұстау және күтіп-баптау | ☐ |
| 6 | Қой қырқу | ☐ |
| 7 | Ветеринарлық қызмет көрсету | ☐ |
| 8 | Қолдан ұрықтандыру | ☐ |
| 9 | Агрономдардың, экономистердің және басқа мамандардың кеңестері | ☐ |
| 10 | Су беру (суару үшін) | ☐ |
| 11 | Көлік қызметтері | ☐ |
| 12 | Астықты қоймаға қою және сақтау | ☐ |
| 13 | Сою пункттері | ☐ |
| 14 | Қызметтердің өзге түрлері | ☐ |
| 15 | Үшінші тұлғалардың қызметтері пайдаланылған жоқ | ☐ |

**17. Сіз ауыл шаруашылығы кооперативінің мүшесісіз бе, егер солай болса, Сіз қандай ауыл шаруашылығы кооперативінің мүшесісіз?**

| Жол коды | Көрсеткіштердің атауы | "✓" белгісі қойылады |
|---|---|---|
| А | Б | 1 |
| 1 | Өндірістік | ☐ |
| 2 | Өткізуші | ☐ |
| 3 | Сервистік | ☐ |
| 4 | Өңдеуші | ☐ |
| 5 | Өзгелер | ☐ |
| 6 | Ауыл шаруашылығы кооперативінің мүшесі емес | ☐ |

**VIII бөлім. Жалпы сипаттама**

**18. Ауыл шаруашылығы қызметімен айналысатын үй шаруашылығы басшысының немесе үй шаруашылығының басқа мүшесінің ЖСН кодын көрсетіңіз**

☐☐☐☐☐☐☐☐☐☐☐☐

**18.1 Тегі, аты, әкесінің аты** (бар болса) ________________________________________

**18.2 Жасы** (2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша толық жасы) ☐☐☐

**18.3 Жынысы** Ер ☐ Әйел ☐

**19. 2025 жылғы 1 тамызға Сізді қоса алғанда үй шаруашылығында тұрақты тұратын адамдардың санын көрсетіңіз,**

☐☐

адам

**19.1 одан әйелдер** ☐☐ адам

**20. Сізді қоса алғанда жеке қосалқы шаруашылықта жұмыс істейтін, 15 жастағы және одан үлкен үй шаруашылығы мүшелерінің санын көрсетіңіз,**

☐☐

адам

**20.1 одан әйелдер** ☐☐ адам

**21. Сіз соңғы 12 айда ауыл шаруашылығы жұмыстарын орындау үшін жалдамалы жұмыскерлерді тарттыңыз ба?** (2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша)

Иә ☐ жоқ ☐

**22. Сіз және/немесе үй шаруашылығының мүшелері соңғы 12 айда қосалқы шаруашылықта жұмыс істеу үшін жеке тұлғаларға жалданып жұмыс істедіңіз бе?** (2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша)

иә ☐ жоқ ☐

Сауалнама жүргізілген адамның байланыс телефонының нөмірі: ___________________

| **Сауалнаманы толтыруға кеткен уақыт, мин** | | | |
|---|---|---|---|

Ескертпе:

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну және бастапқы статистикалық деректерді белгіленген мерзімде ұсынбау "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Кодексінің 497-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табылады.

2025 жылы Қазақстан Республикасының ұлттық ауыл шаруашылығы санағын жүргізу үшін "Жеке қосалқы шаруашылықтар" санақ парағын толтыру жөніндегі нұсқаулық ("Жеке қосалқы шаруашылықтар" санақ парағына (индексі 3-ЖҚШ, кезеңділігі біржолғы) қосымшада келтірілген.

"Жеке қосалқы шаруашылықтар" санақ парағына (индексі 3-ЖҚШ, кезеңділігі біржолғы) қосымша

**2025 жылы Қазақстан Республикасының ұлттық ауыл шаруашылығы санағын жүргізуге арналған "Жеке қосалқы шаруашылықтар" санақ парағын (индексі 3-ЖҚШ, кезеңділігі біржолғы) толтыру жөніндегі нұсқаулық**

1. Осы нұсқаулық 2025 жылы Қазақстан Республикасының ұлттық ауыл шаруашылығы санағын жүргізу үшін "Жеке қосалқы шаруашылықтар" санақ парағын (индексі 3-ЖҚШ, кезеңділігі біржолғы) (бұдан әрі – санақ парағы) толтыруды нақтылайды.

2. Осы нұсқаулықта мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) ауыл шаруашылығы санағы – ауыл шаруашылығының құрылымы мен жай-күйі туралы деректерді жинау, өңдеу, ресми статистикалық ақпаратты талдау және тарату процесін қамтитын статистикалық байқау;

2) ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтердің) анықтамалығы (АШӨСЖ) – ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерін экономикалық қызмет түрлері бойынша жіктеу және кодтау тәртібін белгілейтін анықтамалық;

3) әкімшілік-аумақтық бірлік – Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы жүйесінің құрамдас бөлігі (ауыл, кент, ауылдық округ, қаладағы аудан, қала, аудан, облыс);

4) бақша өсіру – көпжылдық ағаш-бұта екпелерін қоспағанда, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру үшін жер учаскесінде жүзеге асырылатын қызмет түрі;

5) бау-бақша өсіру – ауыл шаруашылығы дақылдарын және көпжылдық ағаш-бұта екпелерін өсіру үшін жер учаскесінде жүзеге асырылатын қызмет түрі;

6) ветеринарлық пункт – ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін облыстың жергілікті атқарушы органдары құрған, аудандық маңызы бар қалада, кентте, ауылда, ауылдық округте орналасқан мемлекеттік ветеринариялық ұйымның оқшауланған бөлімшесі;

7) егістік – жүйелі түрде өңделетін және көп жылдық шөптердің егістігін қоса алғанда, ауыл шаруашылығы дақылдарының егістігіне пайдаланылатын жер учаскелері , сондай-ақ сүрі жер;

8) жайылым – ауыл шаруашылығы жануарларын жыл бойы немесе маусымдық жаю үшін берілетін және пайдаланылатын жер учаскелері;

9) жер учаскесі – Қазақстан Республикасының Жер кодексінде белгіленген тәртіппен жер қатынастары субъектілеріне бекітіліп берілетін, тұйық шекара ішінде бөлінген жер бөлігі;

10) жеке қосалқы шаруашылық – ауылдық жерде және қалаға іргелес аймақты орналасқан жер учаскесінде өзінің жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған қызмет түрі;

11) жылыжай – бұл жылыжай өсімдіктерін және көшеттерді жыл бойы өсіруге арналған, кез келген жарық өткізетін материалмен жабылған арнаулы үй-жай;

12) жылыжайлардың жалпы алаңы – өндірістік алаң (өсімдіктерді өсіруге пайдаланылатын, олардың арасынан өтуге арналған орын), сондай-ақ қосалқы, әкімшілік-тұрмыстық, қосалқы өндірістік үй-жайлардың алаңы;

13) көпжылдық дақылдар – жүзім, цитрус жемістері, дәнді және сүйекті жемістер, жеміс ағаштары, бұталар және өзге жаңғақтар, құрамында майы бар жемістер, дәмдеуіштер, хош иісті және фармацевтикалық дақылдар, өзге де көпжылдық дақылдар ;

14) құрылысжай – жасанды жолмен жасалған, табиғи немесе жасанды кеңістік шекаралары бар және өндірістік процестерді орындауға, материалдық құндылықтарды орналастыруға және сақтауға немесе адамдарды, жүктерді уақытша орналастыруға ( орын ауыстыруға), сондай-ақ жабдықтарды немесе коммуникацияларды орналастыруға (төсеуге, жүргізуге) арналған ауқымды, ашық немесе желілік объект (жер үсті, су беті және (немесе) жер асты, су асты);

15) маусымдық дақылдар – дәнді, бұршақ дақылдары, майлы тұқымдар, көкөністер және бақша дақылдары, тамыр жемістілер және түйнек жемістілер (картоп, қант

қызылшасы), темекі, талшықты тоқыма дақылдары (мақта, зығыр, кендір), өзге де маусымдық дақылдар (азықтық дақылдар, гүлдер);

16) минералды тыңайтқыштар – құрамында өсімдікке қажетті қоректік заттар бар және топырақтың қасиеттерін жақсарту және жеміс-жидек дақылдарының өнімділігін арттыру үшін енгізілетін химиялық қосылыстар;

17) мекенжай – жылжымайтын мүлік объектісінің орналасқан жерінің сипаттамасы (өңір, елді мекен, елді мекеннің құрамдас бөліктері, бастапқы жылжымайтын мүлік объектісі, қайталама жылжымайтын мүлік объектісі (бар болса);

18) органикалық тыңайтқыштар – синтетикалық тыңайтқыштарды, пестицидтерді және өсімдіктердің өсуін реттеуіштерді, синтетикалық негіздегі өсімдіктердің өсуін реттеуіштер мен ынталандыру құралдарын пайдаланбай, жабайы өсімдіктерді жинауды қоса алғанда, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру;

19) өсімдік шаруашылығы өнімдері – ауыл шаруашылығы дақылдарын (дәнді, майлы дақылдар, көкөністер, қант қызылшасы, мақта және басқалар) өсіру процесінде алынған өнім;

20) парник – жарық өткізетін жабыны бар культивациялық имарат, көшеттер мен көкөністерді өсіруге арналған, өсімдіктерге күтім имараттың сырт жағынан жасалады, көктемде, ішінара жазда және күзде пайдаланылады;

21) пайдаланылмайтын (бос) жерлер – бір немесе одан да көп егіс маусымы бойы уақытша тұқым себілмеген жерлер;

22) статистикалық байқау – статистикалық байқау объектісі бойынша бастапқы статистикалық деректерді ғылыми-ұйымдастырып жинау;

23) сою алаңы (ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңы) – ет өңдейтін кәсіпорындар немесе сою пункттері жоқ кезде құрылатын, ветеринариялық-санитариялық ережелерді сақтаумен және жануар мен сойылған мал өнімдеріне ветеринариялық тексеру жүргізумен, мал союға бейімдендірілген үй-жай ( орын);

24) сою пункті – ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізіле отырып, мал союға және сойылған мал өнімдерін бастапқы өңдеуге арналған жабдықпен жарақтандырылған, ветеринариялық-санитариялық нормалар мен талаптарға сай келетін мамандандырылған үй-жай;

25) табиғи шабындықтар – шөп шабу үшін жүйелі түрде қолданылатын, тұрақты шөп жамылғысы бар ауыл шаруашылығы алқабы;

26) тыңайған жер - бұрын егістік құрамында болған және күзден бастап бір жылдан аса ауыл шаруашылығы дақылдарын егуге пайдаланылмайтын және пар айдауға әзірленбеген жер учаскесі;

27) үй шаруашылығы – бірге тұратын, өз табыстары мен мүлкін толықтай немесе ішінара біріктіретін және тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді бірлесіп тұтынатын бір немесе одан да көп жеке тұлғалардан құралған экономикалық субъект.

3. Санақ парағын жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін жер учаскелері (саяжай, бау-бақша, бақша) бар және/немесе ауыл шаруашылығы жануарлары бар үй шаруашылықтары тапсырады.

4. Санақ парағының титулдық бетінде мыналар көрсетіледі:

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының аумақтық бөлімшелері беретін нұсқаушылық және есеп учаскелерінің нөмірлері, планшеттегі мобильді қолданбаға мекенжайлар тізілімі жүктелгеннен кейін автоматты түрде көрсетіледі;

аумақтың коды және әкімшілік-аумақтық бірліктің атауы "е-Статистика" интеграцияланған ақпараттық жүйесінен Әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуішіне (бұдан әрі – ӘАОЖ) сәйкес көрсетіледі;

үйдің (учаскенің), пәтердің нөмірі.

5. I бөлімнің 1-сұрағында жер алаңы үтірден кейін бір таңбамен шаршы метрмен көрсетіледі:

1.1-жол меншік құқығындағы жер алаңы;

1.2-жол уақытша жер пайдалану (жалдау) құқығымен бекітілген жер алаңы. Мемлекеттен 49 жылға жерді жалға алу осы жолға қойылады;

1.3-жол бірлескен қызмет туралы шарт негізінде пайдаланылатын жер алаңы (жалға берілгенін есепке алмағанда);

1.4-жол бірлескен қызмет туралы шарт негізінде берілген жер алаңы.

6. 2-сұрақта, егер үй шаруашылығында маусымдық, көпжылдық дақылдардың егісі болған жағдайда, "иә" жолына "
✓
" белгісі қойылады. Әйтпесе, "жоқ" жолына "
✓
" белгісі қойылады және сауалнаманың "Мал шаруашылығы" III бөліміне өтеді.

3-сұрақта 2025 жылғы егін алаңыныі мөлшерін анықтау кезінде мына қағидаларды басшылыққа алу қажет:

1) жалпы егіс алаңына және дақылдар түрлері бойынша мына егістер енгізіледі:

2025 жылғы 1 тамызға сақталған күздік дақылдар мен көпжылдық егілген шөптер;

2025 жылғы 1 тамызға сақталған жаздық дақылдардың негізгі егістері (қайта егуді есептемегенде).

2) жалпы егіс алаңына мыналар енгізілмейді:

жасыл тыңайтқышқа отырғызылған дақылдар (сидеральды егістер);

табиғи шабындықтар мен жайылымдарды түбегейлі жақсарту тәртібінде оларды алдын ала жыртқаннан кейін отырғызылған көпжылдық шөптердің егістері ( шалғындандыру үшін егілген көпжылдық шөптер).

Көпжылдық екпелер алаңдарының саны мен мөлшері 2025 жылғы 1 тамызға АШӨСЖ сәйкес көрсетіледі.

Жауап беру кезінде:

дәнді, сүйекті, жаңғақ тұқымдарының ағаштары алғашқы жемістері пайда болғаннан кейін үшінші-төртінші жылы, жидек бұталары (қарлыған, қарақат, таңқурай) – оларды көшет түрінде отырғызғаннан кейінгі үшінші жылы, бүлдірген (құлпынай) - екінші жылы, жүзім-бесінші жылы жеміс беретін жасқа жетті деп есептеледіу;

жеміс беретін жасқа жеткен екпелер алдыңғы жылы олардан жеміс алынғанына немесе алынбағанына қарамастан, ағаштар мен бұталар қатарында есепке алынады.

Қарақат, қарлыған, шырғанақ екпелері алаңы мен бұталарының саны, бүлдірген ( құлпынай) және таңқурай (қаражидек) тек өздері алып жатқан алаң бойынша есепке алынады.

| | |
|---|---|
| 1 сотық – 100 шаршы метр | 1 гектар – 100 сотық |
| 10 сотық – 1000 шаршы метр | 1 гектар – 10000 шаршы метр |
| 100 шаршы метр – 0,01 гектар | 1000 шаршы метр – 0,1 гектар |

Ауыл шаруашылығы жануарларын жайылымдарда жаю кезінде жайылымдардың өнімділігі жайылатын ауыл шаруашылығы жануарларының жемшөпке қажеттілігінен асып түскен жағдайларда, жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормаларын сақтау шартымен жемшөп дайындау мақсатында шөп шабуға рұқсат етіледі.

4-сұрақта 2025 жылғы егін салатын топырақ сапасын жақсарту үшін қолданылатын тыңайтқыштар мен құралдар көрсетіледі.

5-сұрақта 2025 жылғы егінге қолданылатын өсімдіктерді қорғау құралдары көрсетіледі.

7. III бөлімнің 6-сұрағында, егер үй шаруашылығында мал мен құстың басы болған жағдайда, "иә" жолына "
✓
" белгісі қойылады. Болмаған жағдайда "жоқ" жолына "
✓
" белгісі қойылады және сауалнаманың "Балық өсіру" IV бөліміне өтеді.

7-сұрақта 2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша үй шаруашылығы мүшелеріне меншік құқығымен бекітілген, сондай-ақ жалға немесе пайдалануға алынған мал, құс, өзге де жануарлар АШӨСЖ сәйкес қай жерде (мал шаруашылығы үй-жайларында, шалғай жайылымдарда) екеніне қарамастан, көрсетіледі. 1-бағанда қолда бар ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстардың жалпы саны (бұдан әрі – басы) жыныс-жас топтары бойынша нақты санымен (бал аралары – ұя саны) көрсетіледі. 2-бағанда жалға немесе пайдалануға алынған мал басы көрсетіледі.

2025 жылдың 1 тамызынан кейін сатылған, сойылған немесе өлген малдар қолда бар мал басына жазылуы керек. 2025 жылғы 1 тамыздан кейін туылған және/немесе сатып алынған жануарлар есепке алынбайды.

8-сұрақта ауыл шаруашылығы жануарларын ұстау жүйелері "
✓

" белгісімен белгіленеді.

8. IV бөлімнің 9-сұрағында, егер үй шаруашылығы балық және (немесе) олардың құртшабақтарын өсіруді жүзеге асырса (2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша) "иә " жолына "
✓
" белгісі қойылады, әйтпесе "жоқ" жолына "
✓
" белгісі қойылады және сауалнаманың "Техникалық құралдар, үй-жайлар" V бөліміне өтеді.

9.1-кіші сұрақта 2025 жылғы 1 тамызға АШӨСЖ сәйкес өсірілетін балық түрлері көрсетіледі.

9.2-кіші сұрақта балық өсірудің жобалық қуаты (жабдықтың техникалық паспорттарынан не шаруашылықтың жобалау-сметалық құжаттамасынан алынған деректер) жылына килограмммен көрсетіледі.

9. V бөлімнің 10-сұрағында жануарларды ұстауға арналған қолда бар құрылыстар мен құрылысжайлар, олардың саны, жалпы алаңы (шаршы метрмен) және сыйымдылығы (мал орны, құс орны) көрсетіледі.

11-сұрақта ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтауға арналған жеке тұрған үй-жайлардың саны мен жалпы алаңы (шаршы метрмен) көрсетіледі.

12-сұрақта іс жүзінде пайдаланылуына және техникалық жай-күйіне қарамастан: жұмыс істейтін; жұмыс істемейтін, бірақ әлі баланстан шығарылмаған, жөндеуде тұрған барлық типтегі және маркалы ауыл шаруашылығы техникасы, машиналары мен жабдықтары көрсетіледі.

10. VI бөлімнің 13-сұрағында ауыл шаруашылығы өнімін өндіру мақсатына "
✓
" белгісі қойылады.

14-сұрақта егер ауыл шаруашылығы өнімі кейіннен өткізу үшін өңделсе, жауаптардың бір немесе бірнеше нұсқасына "
✓
" белгісі қойылады.

15-сұрақта ауыл шаруашылығы өнімін өткізу арналары бойынша жауаптардың бір немесе бірнеше нұсқасына "
✓
" белгісі қойылады.

11. VII бөлімнің 16-сұрағында бір немесе бірнеше жауап нұсқасына "
✓
" белгісі қойылады: 2025 жылы үй шаруашылығына үшінші тұлғалар ұсынған қызмет түрлері (топырақ дайындау, ауыл шаруашылығы дақылдарын егу және жинау және қорғау жөніндегі қызмет, жануарларды ұстау және күтіп-баптау, ветеринариялық қызмет көрсету, қолдан ұрықтандыру, мамандардың консультациясы және тағы басқа).

17-сұрақта үй шаруашылығының басшысы ауыл шаруашылығы кооперативінің мүшесі болып табыла ма әлде жоқ па, қайсы кооперативтің мүшесі (өндірістік, өткізу, сервистік, қайта өңдеу және басқалар) екені көрсетіледі.

12. VIII бөлімнің 18-сұрағында ауыл шаруашылығы қызметімен айналысатын үй шаруашылығы мүшесінің жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) көрсетіледі.

19-сұрақта 2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша үй шаруашылығында тұрақты тұратындардың саны көрсетіледі.

20-сұрақта 2025 жылғы 1 тамызға жеке қосалқы шаруашылықта жұмыс істейтін 15 және одан жоғары жастағы үй шаруашылығы мүшелерінің саны көрсетіледі.

21-сұрақта, егер ауыл шаруашылығы жұмыстарын орындау үшін жалдамалы жұмыскерлер тартылған жағдайда, "иә" жолына "
✓
" белгісі қойылады, әйтпесе "жоқ" жолына "
✓
" белгісі қойылады.

Сауалнаманың соңында сауалнамаға қатысқан адамның байланыс телефонының нөмірі және сауалнаманы толтыруға кеткен уақыт көрсетіледі.

13. Ауыл шаруашылығы санағының байқау объектілері бойынша бастапқы статистикалық деректерді жинауды планшетті немесе қағаз жеткізгішті (планшеттерді пайдалану мүмкіндігі болмаған жағдайда) пайдалана отырып интервьюерлер жүзеге асырады. Сондай-ақ санақ парағын толтыру www.sanaq.gov.kz веб-порталында онлайн режимде интернет желісі арқылы электрондық форматта қолжетімді.

14. Арифметикалық-логикалық бақылау:

1-сұрақ "2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша үй шаруашылығы жерлерінің сипаттамасы":

1-жол ≤ 1.1+1.2+1.3-1.4-жолдардың ∑;

1.4-жол < 1.1+1.2+1.3 жолдардың ∑;

V бөлімде 10-сұрақта, егер 1-6-жолдар бойынша 1-баған толтырылған болса, барлық жолдар бойынша 2 және 3-бағандар толтырылуы тиіс.

Егер 8 және 9-жолдарда 1-баған толтырылған болса, онда 8 және 9-жолдар бойынша 2-баған толтырылуы тиіс.

11-сұрақта егер 1-баған толтырылса, барлық жолдар бойынша 2-баған толтырылуы тиіс.

12.1-сұрақ "2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша үй шаруашылығыңыздың жеке меншігіндегі жұмыс істеп тұрған ауыл шаруашылығы техникасын, машиналары және жабдықтарын көрсетіңіз":

1-баған ≥ 2-баған, әрбір жол үшін;

11-жолдағы 1-баған ≥ 11.1-жол.

12.1-сұрақта егер 15-жолда 1-бағанда белгі қойылған болса, онда 1-ден 14-ке дейінгі жолдар 1-2-бағандар бойынша бос болуы тиіс.

VII бөлімде 16-сұрақта егер 15-жолда белгі қойылған болса, онда 1-ден 14-ке дейінгі жолдар бос болуы тиіс.

17-сұрақта егер 6-жолда белгі қойылған болса, 1-ден 5-ке дейінгі жолдар бос болуы тиіс.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК